



Қазақстан Ұлттық Банкінің

# Хабаршысы

- 1 Баспасөз релиздері
- 9 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 10 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 18 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің хабаршысы»,

Редакторы:

Ақышев Д.Т. – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

Редактордың орынбасары:

Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

Кеңес мүшелері:

Орлов П.Е. – Зерттеу және статистика департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы;

Дюгай Н. Н. – Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінің директоры;

Нәжімеденова С.Ж. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бастығы;

шығарылым үшін жауапты:

Жегібаева М.Б. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының сарапшысы.

Құрылтайшы – Қазақстан Ұлттық Банкі

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1997 ж. 24.02.  
№ 432 тіркелген

Қазақстан Ұлттық Банкі

1995 жылдан бастап шығарылады



ТОО "АСЫЛ КІТАП" БАСПА ҮЙІ

Республика Казахстан  
050009, г. Алматы, пр. Абая 143, офис 102  
E-mail: [asylkitap@mail.ru](mailto:asylkitap@mail.ru)  
Тел.: +7 727 3944167  
+7 701 727 0394

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**№ 3 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2013 жылғы 1 ақпан**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Корея Республикасының қаржылық қадағалау саласындағы Қаржылық қызметтер жөніндегі комиссиясы және Қаржылық қадағалау қызметі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою туралы

2013 жылғы 1 ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченко бастаған өкілдерінің Қаржылық қызметтер жөніндегі комиссиясының Төрағасы Ким Сеок Донг бастаған Корея Республикасы қаржылық қадағалау органдары өкілдерінің делегациясымен кездесуі өтті.

Екіжақты кездесуді өткізудің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Корея Республикасының қаржылық қадағалау саласындағы Қаржылық қызметтер жөніндегі комиссиясы және Қаржылық қадағалау қызметі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою болды.

Өзара түсіністік туралы меморандумның мақсаты бас ұйымдардың және олардың трансшекаралық ұйымдарының қызметін қаржылық қадағалау саласында ынтымақтастықты жүзеге асыру, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларын сақтай отырып Тараптар арасындағы қаржы нарығының жай-күйі және қаржылық қадағалау саласындағы негізгі нормалары мен талаптары туралы ақпаратпен алмасу болып табылады.

Өзара түсіністік туралы меморандумды жасағаннан кейін Тараптар теңдік пен өзара пайда негізінде қаржылық қадағалау саласындағы ынтымақтастық арқылы өзара мүдделерді дамытуға ниет білдірді. Барынша тығыз екіжақты байланыстарды дамытуға бағытталған бұл қадам екі мемлекет арасындағы экономикалық ынтымақтастыққа және достық қарым-қатынастардың нығаюына ықпал етеді.

*Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады:*

+7 (727) 270 46 87;

+7 (727) 330 24 55;

*E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz);*

*[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)*

**№ 4 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**  
**2013 жылғы 8 ақпан**

**Қаржы нарығындағы ахуал туралы**

**1. Инфляция**

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2013 жылғы қаңтарда инфляция 0,9% (2012 жылғы қаңтарда – 0,3%) деңгейінде қалыптасты. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,5% (0,5%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,2% (0,3%-ға), ақылы қызмет көрсету 2,2% (0,1%-ға) өсті.


Азық-түлік тауарлары нарығында 2013 жылғы қаңтарда көп дәрежеде жемістер мен көкөністер 2,6%-ға, оның ішінде ақ орамжапырақ 4,9%-ға, сәбіз 4,3%-ға, қызылша 4,2%-ға қымбаттады. Макарон және темекі өнімдері 0,8%-ға, ұн 0,5%-ға қымбаттады. Сонымен қатар жарма бағасы 0,6%-ға, қант 0,2%-ға төмендеді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында дәрі-дәрмек 0,4%-ға, күнделікті үй заттары 0,3%-ға, киім мен аяқ киім 0,2%-ға көтерілді. Дизель отыны 0,2%-ға, бензин 0,1%-ға арзандады.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметтер ақысы 2,7%-ға өсті. Бұл ретте салқын су тарифі 11,7%-ға, электр энергиясы 5,0%-ға, орталықтан жылыту 2,5%-ға, кәріз және ыстық су - әрқайсысы 2,3%-ға өсті. Өткен айда құқықтық қызметтер 7,2%-ға, көлік қызметтері 3,2%-ға (темір жол көлігі 10,0%-ға), амбулаторлық қызметтер 1,1%-ға көтерілді.

1-график

**2012 және 2013 жылдардың қаңтарындағы инфляция және оның құрамдас бөліктері**



2013 жылғы қаңтарда инфляция жылдық көрсетуде 6,6%-ды (2012 жылғы желтоқсанда – 6,0%) құрады. Азық-түлік тауарлары 5,3%-ға (5,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 3,4%-ға (3,5%-ға), ақылы қызметтер 11,6%-ға (9,3%-ға) қымбаттады.

**2. 2012 жылғы төлем балансы (алдын ала қорытындылар)**

Ағымдағы операциялар шотының профициті 2012 жылдың қорытындысы бойынша 2011 жылмен салыстырғанда 35,5%-ға төмендеп, 8,8 млрд. АҚШ долл. құрады.

Сауда балансының профициті 5,8%-ға төмендеп, 45,2 млрд. АҚШ долл. (2011 жылы 47,9 млрд. АҚШ долл.) құрады. Кірістермен операциялар бойынша ресурстардың нетто-әкетілуі (жалақыны және инвестициялық кірістердің балансын қоса алғанда) 2011 жылғы деңгейде қалыптасып, 27,6 млрд. АҚШ долл. құрады.

Ағымдағы шоттың басқа құрамдас бөліктері бойынша қызметтер мен трансферттердің теріс дисбаланстары тиісінше 7,7 млрд. АҚШ долл. және 1,1 млрд. АҚШ долл. құрады.

Капиталмен және қаржымен жүргізілетін операциялар шотының теріс балансы (қателер мен қалып қоюларды есептегенде) 11,5 млрд. АҚШ долл. құрады.

Шет елге тікелей инвестициялар бойынша нетто-әкету 1,4 млрд. АҚШ долл. құрады. Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) таза түсімі 2011 жылғы 13,7 млрд. АҚШ долл. салыстырғанда 14,1 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде қалыптасты. Нәтижесінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша оң баланс 2011 жылғы 9,1 млрд. АҚШ долл. салыстырғанда 2012 жылы 12,7 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде қалыптасты.

Портфельдік инвестициялар бойынша 16,7 млрд. АҚШ долл. мөлшеріндегі нетто-әкету негізінен Ұлттық қордың шетелдік активтерінің 13,7 млрд. АҚШ долл. өсуімен, сондай-ақ қазақстандық банктердің борыштық міндеттемелерінің 2,4 млрд. АҚШ долл. төмендеуімен қамтамасыз етілді.

### **3. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары**

2013 жылғы қаңтарда Ұлттық Банктің жиынтық халықаралық резервтері 27,0 млрд. АҚШ долл. дейін 4,7%-ға төмендеді, Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 4,8% төмендеп, 26,4 млрд. АҚШ долл. құрады. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 2013 жылғы қаңтарда 6,8%-ға төмендеді. Алтындағы активтер жүргізілген операциялар және әлемдік нарықтарда оның бағасының өсуі нәтижесінде 2,2%-ға өсті.

2013 жылғы қаңтарда елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 58,5 млрд. АҚШ долл.) 85,4 млрд. АҚШ долларына дейін 0,7%-ға азайды.

2012 жылғы желтоқсанда ақша базасы 5,0%-ға тарылып, 2746,2 млрд. теңге болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 2669,5 млрд. теңгеге дейін 5,7%-ға тарылды.

2013 жылғы қаңтарда ақша массасы 10522,5 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 7,9% өсті). Айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1528,0 млрд. теңгеге дейін 10,7%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 11,9% өсті), банк жүйесіндегі депозиттер 8994,5 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға азайды (жыл басынан бері 7,2% өсті). Депозиттердің көлемінің қысқаруымен салыстырғанда айналыстағы қолма-қол ақшаның өсу қарқынының ұлғаюы депозиттердің ақша массасы құрылымындағы үлесінің 2012 жылғы қарашадағы 86,8%-дан 2012 жылғы желтоқсандағы 85,5%-ға дейін төмендеуіне себепші болды.

Ақша мультипликаторы 2012 жылғы желтоқсанда тіркелген ақша массасы өсу қарқынымен салыстырғанда ақша базасының басым кеңею қарқыны салдарынан 2012 жылғы қарашадағы 3,90-дан 2012 жылдың желтоқсанның қорытындылары бойынша 3,64-ке дейін азайды.

### **4. Валюта нарығы**

2013 жылғы қаңтарда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 150,37–150,93 теңге аралығында өзгерді. Айдың соңында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 150,81 теңге болды.

2013 жылғы қаңтарда Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 22,4%-ға азайып, 3,3 млрд. АҚШ долл. болды. Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 52,9% төмендеп, 1,6 млрд. АҚШ долл. құрады.

Жалпы алғанда ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 36,1% төмендеп, 5,0 млрд. АҚШ долл. болды.

### **5. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы**

2013 жылғы қаңтарда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 6 аукцион өткізілді. Оларда 12 айлық МЕККАМ (9,7 млрд. теңге), 3 жылдық МЕОКАМ (4,7 млрд. теңге), 5 жылдық МЕОКАМ (18 млрд. теңге), 10 жылдық МЕУКАМ (3,4 млрд. теңге), 15 жылдық МЕУКАМ (14,7 млрд. теңге), 12 жылдық МЕУЖКАМ (5,3 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 12 айлық МЕККАМ бойынша 3,00%, 3 жылдық МЕОКАМ бойынша– 3,23%, 5 жылдық МЕОКАМ бойынша– 5,58%, 10 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,00%, 15 жылдық МЕУКАМ бойынша 6,60%, 12 жылдық МЕУЖКАМ бойынша – инфляция деңгейінен 0,01% құрады.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі өткен аймен салыстырғанда 1,5% ұлғая отырып, 2013 жылғы қаңтардың аяғында 2947,4 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары эмиссиясының көлемі 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 4,2 есе қысқарып, 2013 жылғы қаңтарда 11,5 млрд. теңге болды.

Бұл ретте 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 2 аукцион өтті (5,0 млрд. теңге және 6,5 млрд. теңге).

Орналас­тырылған ноттар бойынша тиімді кірістілік 1,05% құрады.

Айналыстағы ноттардың көлемі 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 19,1% қысқарып, 2013 жылғы қаңтардың аяғында 150,7 млрд. теңгені құрады.

## **6. Банкаралық ақша нарығы**

2012 жылғы желтоқсанда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2012 жылғы қарашамен салыстырғанда 23,2%-ға ұлғайып, баламасы 1627,1 млрд. теңге болды.

Орналас­тырылған теңгедегі банкаралық депозиттердің көлемі 53,5%-ға азайды және 122,1 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 7,5%) болды. Бұл ретте орналастырылған теңгедегі банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2012 жылғы желтоқсанда 0,74%-дан 1,23%-ға дейін өсті.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2012 жылғы желтоқсанда 2012 жылғы қарашамен салыстырғанда 107,6 млрд. теңгеге дейін 56,6%-ға азайды.

2012 жылғы желтоқсанда 2012 жылғы қарашамен салыстырғанда орналастырылған доллардағы депозиттердің көлемі 44,4% ұлғайды және 9,6 млрд. АҚШ долл. (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 89,2%) болды. Орналастырылған доллардағы депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2012 жылғы желтоқсанда 0,18%-дан 0,13%-ға дейін төмендеді.

Еуро­дағы және рубльдегі депозиттерге орналастыру көлемі шамалы болып қалуда – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен тиісінше 0,3 және 3,0%.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі 2012 жылғы желтоқсанда орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 80,1%-дан 92,5%-ға дейін ұлғайды. Орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінен шетел валютасында резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі 77,8%-дан 92,1%-ға дейін ұлғайды.

## **7. Депозит нарығы**

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің жалпы көлемі 2012 жылғы желтоқсанда 8994,5 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға төмендеді (2012 жылғы өсуі - 7,2%). Заңды тұлғалардың депозиттері бір айда 5622,7 млрд. теңгеге дейін 4,3%-ға төмендеді (2012 жылғы төмендеуі – 0,7%), жеке тұлғалардың депозиттері – 3371,8 млрд. теңгеге дейін 5,0%-ға көтерілді (2012 жылғы өсуі – 23,8%).

2012 жылғы желтоқсанда шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 2683,0 млрд. теңгеге дейін 5,3%-ға азайды (2012 жылғы өсуі – 2,0%), ал ұлттық валютада 6311,5 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға көтерілді (2012 жылғы өсуі – 9,6%). Теңгемен депозиттердің үлес салмағы бір айда 68,8%-дан 70,2%-ға дейін ұлғайды.

Банктердегі халықтың салымдары (резидент еместерді қоса есептегенде) 2012 жылғы желтоқсанда 5,1%-ға 3409,5 млрд. теңгеге дейін өсті (2012 жылғы өсуі – 23,6%). Халықтың салымдары құрылымында теңгедегі депозиттер 7,8%-ға 2072,5 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, шетел валютасындағы депозиттер 1,1%-ға 1337,0 млрд. теңгеге дейін өсті. Халық салымдарының құрамында теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 59,3%-дан 60,8%-ға дейін ұлғайды.

2012 жылғы желтоқсанда банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 3,6% (2012 жылғы қарашада -2,1%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,3% (8,3%) болды.

## **8. Кредит нарығы**

2012 жылғы желтоқсанда банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 9958,0 млрд. теңгені құрап, 2,3%-ға ұлғайды (2012 жылы өсу 13,0%).

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 7041,3 млрд. теңгеге дейін 3,4%-ға ұлғайды (2012 жылғы өсуі – 23,9%), шетел валютасында - 2916,7 млрд. теңгені құрап, 0,3%-ға төмендеді (2012 жыл үшін төмендеуі – 6,8%). Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы бір айда 70,0%-дан 70,7%-ға дейін өсті.

2012 жылғы желтоқсанда ұзақ мерзімді кредиттеу 8002,3 млрд. теңге болып, 2,0%-ға өсті (2012 жыл үшін өсуі - 12,4%), қысқа мерзімді кредиттеу 1955,7 млрд. теңгеге дейін 3,3%-ға (2012 жыл үшін өсуі - 15,4%) ұлғайды. Ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 80,6%-дан 80,4%-ға дейін азайды.

2012 жылғы желтоқсанда заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 7102,7 млрд. теңгеге дейін 2,4%-ға өсті (2012 жылы – өсу 9,9%), жеке тұлғаларға – 2855,3 млрд. теңгеге дейін 2,0%-ға (2012 жылы

– өсу 21,7%) ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы 2012 жылғы қарашадағы 28,7% деңгейінде қалды.

2012 жылғы желтоқсанда шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 1412,0 млрд. теңгеге дейін 1,5%-ға ұлғайды (2012 жылы – өсу 5,2%), бұл экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 14,2%-ын құрайды.

Банктердің экономикаға берілген кредиттерінің неғұрлым айтарлықтай сомасы салалық бөлуде сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 20,1%), құрылыс (14,0%), өнеркәсіп (12,0%), көлік (4,3%) және ауыл шаруашылығы (3,2%) сияқты салаларға тиесілі.

2012 жылғы желтоқсанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,3% (2012 жылғы қарашада – 10,7%), жеке тұлғаларға – 21,2% (21,4%) құрады.

## **9. Қаржы секторы сегменттерінің көрсеткіштері**

### **Банк секторы**

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторында 38 банк бар.

2012 жылы екінші деңгейдегі банктердің активтері 13,9 трлн. теңгеге дейін 8,2%-ға өсті (2012 жылғы желтоқсандағы өсім – 1,2%).

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банктердің меншік капиталы 2012 жылы 53,3%-ға ұлғайып, 2 трлн. теңгеге жуық құрады (2012 жылғы желтоқсанда «БТА Банкі» АҚ қайта құрылымдауды жүргізу және оның меншікті капиталының ұлғаюы салдарынан 4,1 есе өсті).

Банк секторының несие портфелі 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2012 жылы 11,3%-ға ұлғайып (2012 жылғы желтоқсанда – 1,6% өсті), 11,7 трлн. теңгені құрады.

### **Сақтандыру секторы**

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру секторында 35 сақтандыру ұйымы, оның ішінде өмірді сақтандыру бойынша 7 сақтандыру ұйымы бар.

2012 жылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 14,2%-ға 442,6 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

«Жалпы сақтандыру» саласы бойынша 2012 жылы жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 159,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2011 жылға қарағанда 9,7%-ға көп.

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2012 жылы 72,0% ұлғайып, 52,4 млрд. теңгені құрады. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 2013 жылғы 1 қаңтарда 2012 жылғы 1 қаңтардағы 17,4%-ға қарсы 24,8%-ды құрады.

### **Зейнетақы жүйесі**

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 11 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істеп тұрды, олардың саны 2012 жылы өзгерген жоқ.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының саны 2012 жылы 3,5%-ға өсті және 8422,5 мың шотты құрады. 2012 жылы зейнетақы жинақтары 3,2 трлн. теңгені құрап, 20,1%-ға өсті (2012 жылғы желтоқсанда өсім – 2,1%).

Қорлардан сақтандыру ұйымдарына зейнетақы төлемдері мен аударымдары 2012 жылы 89,8 млрд. теңгеге немесе 38,5%-ға ұлғайып, 2013 жылғы 1 қаңтарда 323,0 млрд. теңгені құрады. Зейнетақы жарналары 2012 жылы 503,1 млрд. теңге (2012 жылғы желтоқсанда 48,7 млрд. теңге) болды.

2012 жылы жинақтаушы зейнетақы қорларының қалыпты инвестициялық портфель бойынша номиналды кірісінің орташа алынған коэффициенті 4,0%-ды, ал консервативтік портфель бойынша – 1,75%-ды құрады.

Тұтастай алғанда, 1998-2012 жылдар аралығындағы кезеңде қалыпты инвестициялық портфель бойынша кірістіліктің жинақталған деңгейі 366,15% (консервативтік портфель бойынша – 356,07%) болды, ал инфляцияның жинақталған мәні – 236,31%-ды құрады.

## **10. 2012 жылғы 4-тоқсандағы экономиканың нақты секторының кәсіпорындары мониторингінің нәтижелері туралы**

Экономиканың нақты секторындағы жағдайды 2012 жылғы 4-тоқсан бойынша бағалау мақсатында 2013 жылғы қаңтарда кәсіпорындарға кезекті мониторинг өткізілді. 2012 жылғы 3-тоқсан бойынша жүргізілген пікіртерімен салыстырғанда ел экономикасының негізгі салаларын көрсететін мониторингке қатысушы-кәсіпорындардың саны 2491-ден 2511-ге дейін өсті, оның ішінде орта және ірі кәсіпорындардың саны 1505-ке ұлғайды.

Теңгенің АҚШ долларына, еуроға және ресейлік рубльге бағамы өзгеруінен шаруашылық қызметінде теріс әсерді байқаған кәсіпорындардың үлесі 2012 жылғы 4-тоқсанда елеулі түрде азайды (тиісінше 14,7%-ға, 11,2%-ға және 11,8%-ға дейін). Көптеген кәсіпорындар теңгенің бұл валюталарға бағамы өзгеруінен шаруашылық қызметтеріне болған әсерді байқамады (тиісінше 61,7%, 64,7% және 64,2%).

2012 жылдың 4-тоқсанында кредит алған кәсіпорындардың үлесі аздап өсті (2012 жылғы 3-тоқсанда 19,9%-дан 20,4%-ға дейін), сондай-ақ банктердің кредиттері бойынша берешегі бар кәсіпорындардың саны елеусіз түрде азайды (2012 жылғы 3-тоқсанда 38,3%-дан 37,6 %-ға дейін). 2013 жылғы 1-тоқсанда кредит алуға кәсіпорындардың 22,6%-ы ниет білдірді (2012 жылғы 4-тоқсанда – 22,1%).

Тұтастай алғанда, кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі іс жүзінде өзгерген жоқ: меншікті қаражаты есебінен негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландырған кәсіпорындардың үлесі 2012 жылғы 3-тоқсандағы деңгейде қалды (61%), банктердің кредиттерін бұл мақсатта қолданатын кәсіпорындардың үлесі аздап өсті (2012 жылғы 3-тоқсанда 5,5%-дан 6,1%-ға дейін). Бұл ретте, теңгедегі кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелер 12,1%-ға дейін және шетел валютасындағы - 9,9%-ға дейін төмендегені байқалады.

Жалпы алғанда, экономиканың нақты секторы бойынша сұраныстың өсу қарқындарының төмендеуі байқалып отыр. Сұраныстың төмендеуін кәсіпорындардың 20,9% (2012 жылғы 3-тоқсанда – 15,1%), ұлғаюын респонденттердің 24,7% (2012 жылғы 3-тоқсанда – 28,7%) атап өтті. Сұраныстың өсу қарқынының біршама бәсеңдеуі ауыл шаруашылығында, өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптерде, ал сұраныстың төмендеуі негізінен «көлік және байланыс» және «құрылыс» салаларында орын алды. 2013 жылғы 1-тоқсанда жалпы алғанда, сұраныстың өсу қарқынының бәсеңдеуі үрдісі жалғасады деп күтіледі.

Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаның өсу қарқыны баяулауы байқалды. Осы үрдіс бағалардың өсу қарқынының ұлғаюы байқалған «қонақүйлер мен мейрамханаларды», «жылжымайтын мүлікпен байланысты операцияларды, жалға беруді және кәсіпорындарға көрсетілетін қызметтерді» қоспағанда, барлық салаларды қамтыды.

2013 жылғы 1-тоқсанда жалпы экономиканың нақты секторы бойынша, сондай-ақ өндірушілердің тұтынушылық өнімдер мен қызметтерді іріктеуі бойынша қалыпты баға өсуінің жалғасуы күтіліп отыр.

2012 жылғы 4-тоқсанда шикізат пен материалдарға бағаның өсу қарқыны төмендеді. Жалпы алғанда, іріктеу бойынша шикізат пен материалдарға бағаның өсуін байқаған кәсіпорындардың үлесі 48,6%-ды құрады және кәсіпорындардың 3,2% бағалардың төмендегенін, ал қалғандары бағалардың өзгермегенін атап өтті. 2013 жылғы 1-тоқсанда бағалар өсуінің бәсеңдеуі күтілуде. Шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны орташа алғанда нақты сектор бойынша 2011 жылғы 2-тоқсаннан бастап бәсеңдегенін атап өткен жөн.

Нақты сектордың қаржылық жағдайы, жалпы алғанда, 2012 жылғы 4-тоқсанда іс жүзінде өзгерген жоқ: рентабельділігі төмен және шығынды кәсіпорындардың үлесі өткен тоқсанның деңгейінде (2012 жылғы 4-тоқсанда 22,5%), рентабельділігі орташа және жоғары кәсіпорындардың үлесі де 2012 жылғы 3-тоқсанның деңгейінде (77,5%) қалды. Бұл ретте, сатудың орташа (салық салынғанға дейін) рентабельділігі 40,7%-ға дейін (2012 жылғы 3-тоқсанда 40,2%) аздап ұлғайды.



## **№ 5 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І** **2013 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАН**

### **Қазақстан Республикасы ақша-кредит саясатының 2013 жылға арналған негізгі бағыттары туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 16 қаулысымен Қазақстан Республикасы ақша-кредит саясатының 2013 жылға арналған негізгі бағыттары мақұлданды.

Осы құжаттың шеңберінде экономиканың дамуының 3 сценарийлік нұсқасы қаралды, олар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2013-2017 жылдарға арналған болжамын қалыптастыру кезіндегі Үкіметтің бағаларымен үйлесімді және келісілген. Мұнайдың әлемдік бағаларының орташа жылдық деңгейі сценарийлік нұсқаларға бөлудің негізгі критерийі болып айқындалды.

Қарастырылған сценарийлерге қарай ақша-кредит саясатының 2013 жылға арналған шаралары әзірленді. Экономиканың дамуының барлық сценарийлерін іске асыру кезінде баға тұрақтылығын қамтамасыз ету және жылдық инфляцияны 6,0-8,0% дәлізінде ұстап тұру Ұлттық Банктің негізгі мақсаты болып табылады.

Әзірленуі және бірінші кезеңін ендіру 2012 жылы басталған жаңа трансмиссиялық тетікті кезең-кезеңімен ендіру ақша-кредит саясаты саласындағы 2013 жылға арналған негізгі перспективтік бағыт болып табылады. Бірінші кезеңде ең төменгі резервтік талаптар тетігіне өзгерістер енгізілді, сондай-ақ пилоттық жоба шеңберінде Қазақстан қор биржасында жүргізілуі 2005 жылы тоқтатыла тұрған автоматты РЕПО секторындағы операциялар қайта басталды.

2013 жылы өтімділікті беру/алу бойынша тұрақты тетіктерге (кепілдік қамтамасыз ету, пайыздық мөлшерлемелер, беру тетігі бөлігінде), ашық нарықтағы операцияларға (жаңа құрал – қайта сату мүмкіндігімен бағалы қағаздарды сатып алу аукциондары ендірілетін болады) тәсілдері өзгереді.

Жаңалықтардың мақсаты ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігінің кредиттік арнасын белсенді ету және оның валюталық арнасының маңыздылығын төмендету болып табылады. Жаңа тетік экономиканың долларлануын, пайыздық мөлшерлемелердің құбылмалылығын, ақша нарығындағы алыпсатарлық құрамдас бөлігін төмендетуге және, салдары ретінде, өтімділікті реттеудің және тұтастай алғанда, ақша кредит саясатын жүргізу икемділігін және тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Жаңа құралдардың енгізілуін назарға ала отырып, Ұлттық Банктің пайыздық мөлшерлемелерінің дәлізі де өзгереді, сондай-ақ оның шектері тұрақты тетік операциялары бойынша мөлшерлемелерге сәйкестенетін болады (төменгі шегі – Ұлттық Банктің депозиттері, жоғарғы шегі – тұрақты қол жетімді қарыздар). Пайыздық саясатты жүргізу кезіндегі жаңа бағдар ақша нарығындағы мөлшерлемелер болып табылады.

Перспективада ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі көбінесе индикативтік рөл атқаратын болады, бұл ретте нақты көрсетуде оң болып сақталады.

2013 жылы кірістілік қисығын құру мақсатында Ұлттық Банк Қаржы министрлігімен бірлесіп мерзімдер бойынша салыстыруға болатын құралдар үшін ақша нарығында эталон (бенчмарк) ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын нығайту бойынша жұмыс жүргізуді ниеттеніп отыр.

2013 жылы Ұлттық Банк нарық қатысушыларынан қайталама нарықта МБҚ сатып алу жолымен мемлекеттік бағалы қағаздарының меншікті портфелін ұзақ мерзімді қалыптастыруды жалғастырады.

2013 жылы Ұлттық Банк 2012 жылдың соңында енгізілген ең төменгі резервтік талаптардың жаңа тетігі банк секторының өтімділігіне әсер етуін талдауды жоспарлап отыр.

Ең төменгі резервтік талаптардың қолданыстағы талаптарын талдау нәтижелерін және халықаралық тәжірибені ескеріп, ақша-кредит саясаты тұрғысынан осы компонент нашар реттелетіндіктен, ең төменгі резервтік талаптарды орындау кезінде теңгедегі қолма-қол қассаны қолдануды шектеу жөніндегі мәселе қаралады.

2013 жылы Ұлттық Банк алдын ала нарықтық себептер бойынша бағыт алатын айырбастау бағамы динамикасының жалпы трендінің қалыптасуына ықпал етпей-ақ, айырбастау бағамының күрт өзгеруін жеңілдету мақсатында өктемдік жүргізуді жалғастырады. Қатысуы неғұрлым төмен болады.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетіктерін дамыту және пайыздық мөлшерлемелердің реттеушілік рөлін арттыру шамасына қарай Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығына қатысуы ақырындап қысқара береді.

2012 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына арнаған жолдауында ол таяу жылдардағы мемлекеттік органдар қызметінің негізгі бағыттарын атап көрсетті. Ақша-кредит саясатының жаңа жүйесін тұжырымдамалық түрде әзірлеу жөніндегі тапсырмаларды орындау шеңберінде ақша-кредит саясатының 2013 жылға арналған негізгі бағыттарының жобасына банктерді проблемалық кредиттерден тазартуға мүмкіндік беретін қаржы жүйесін реттеуді жетілдіруге; экономиканың басым секторларының қолжетімді ақша ресурстарына қажеттілігін қамтамасыз етуге қатысты 2 бөлім қосылды. Бұл іс-шараларды Ұлттық Банк Үкіметпен бірге жүргізетін болады.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:  
+7 (727)2704-639, +7 (727)2596-833; E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz) ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz))*

2013 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары


	01.02	02-04.02	05.02	06.02	07.02	08.02	09-11.02	12.02	13.02	14.02	15.02
Австралия доллары	AUD	156,87	156,52	157,09	156,87	155,29	155,32	154,76	154,01	155,62	155,84
Ағылшын фунт стерл.	GBP	238,54	239,40	236,97	237,33	235,38	236,83	237,12	234,95	235,46	233,47
Белорусь рублі	BYR	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	BRL	75,92	75,81	75,88	75,47	75,91	76,56	76,52	76,32	76,40	76,63
Венгер форингі	HUF	0,70	0,71	0,70	0,70	0,69	0,69	0,69	0,69	0,70	0,69
I Гонконг доллары	HKD	19,44	19,45	19,44	19,43	19,41	19,41	19,42	19,41	19,40	19,41
Дат кронасы	DKK	27,40	27,60	27,50	27,32	27,33	27,06	27,02	27,02	27,18	27,04
Дихрам БАӘ	AED	41,06	41,08	41,05	41,01	40,98	40,99	41,00	40,98	40,97	40,98
АҚШ доллары	USD	150,81	150,88	150,77	150,63	150,52	150,54	150,60	150,53	150,47	150,50
Еуро	EUR	204,38	205,89	205,06	203,80	203,74	201,83	201,64	201,51	202,79	201,76
Канада доллары	CAD	150,43	151,21	151,24	150,90	151,12	150,80	149,73	149,45	150,08	150,45
Қытай юань	CNY	24,25	24,23	24,19	24,18	24,15	24,15	24,16	24,15	24,14	24,15
Кувейт динары	KWD	535,74	537,13	536,17	535,29	534,90	536,11	534,99	534,36	534,15	533,69
Қырғыз сомьы	KGS	3,16	3,16	3,15	3,15	3,14	3,14	3,14	3,14	3,14	3,14
Латвия латы	LVL	292,32	294,63	292,98	291,58	291,37	288,78	288,51	288,26	290,09	288,54
Литва литі	LTL	59,21	59,65	59,41	59,04	59,04	58,49	58,42	58,38	58,77	58,46
Малазия ринггитті	MYR	48,57	48,59	48,76	48,79	48,63	48,61	48,63	48,61	48,71	48,72
Молдова лейі	MDL	12,56	12,61	12,57	12,56	12,56	12,55	12,55	12,53	12,52	12,50
Норвег кронасы	NOK	27,49	27,68	27,57	27,46	27,41	27,31	27,28	27,33	27,46	27,37
Польша злотыйы	PLN	48,70	49,08	49,48	48,85	48,79	48,51	48,63	48,40	48,60	48,43
Сауд Аравиясының рияалы	SAR	40,21	40,23	40,20	40,17	40,14	40,14	40,16	40,14	40,12	40,13
Ресей рублі	RUB	5,02	5,03	5,03	5,01	5,02	4,99	4,99	4,99	5,01	5,00
СДР	XDR	232,35	232,56	232,80	231,72	231,52	231,39	230,87	230,28	230,29	230,66
Сингапур доллары	SGD	121,84	121,49	121,71	121,88	121,61	121,56	121,57	120,92	121,51	121,79
Тәжік сомониі	TJS	31,69	31,71	31,68	31,65	31,63	31,64	31,66	31,65	31,64	31,65
I түрік лирі	TRY	85,57	86,07	86,15	85,73	85,47	85,05	84,96	84,85	85,16	85,22
Өзбек сумы	UZS	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,07	0,08
Украин гривнасы	UAH	18,61	18,53	18,60	18,58	18,49	18,57	18,58	18,57	18,58	18,51
Чех кронасы	CZK	7,97	8,02	8,02	7,95	7,93	8,01	7,99	7,98	8,00	7,96
Швед кронасы	SEK	23,71	23,92	23,90	23,83	23,72	23,50	23,46	23,53	23,86	23,87
Швейцар франкі	CHF	165,69	166,39	165,72	165,78	164,99	164,24	164,18	163,66	164,02	163,78
Оңтүстік Африка рандысы	ZAR	16,72	16,82	16,99	16,94	16,96	16,91	16,97	16,80	16,94	16,95
100 оңтүстік корей воньы	KRW	13,85	13,75	13,90	13,88	13,84	13,82	13,75	13,80	13,86	13,89
I жапон йенасы	JPY	1,66	1,64	1,62	1,63	1,61	1,61	1,62	1,60	1,61	1,61

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

### 1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы	Кезеңдегі орташа алынған		Қазақстан
	ресми бағам	биржалық бағам, кезең үшін	USD/KZT	қор биржасының сауда-саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
<b>14.01-18.01</b>	<b>150,80</b>	<b>150,81</b>	<b>-0,01</b>	<b>758,55</b>
<b>21.01-25.01</b>	<b>150,70</b>	<b>150,77</b>	<b>-0,03</b>	<b>992,35</b>
<b>28.01-01.02</b>	<b>150,81</b>	<b>150,79</b>	<b>-0,03</b>	<b>858,55</b>
28.01.2013	150,76	150,64	-0,08	183,30
29.01.2013	150,64	150,81	0,11	216,90
30.01.2013	150,81	150,82	0,01	159,55
31.01.2013	150,82	150,81	-0,01	174,90
01.02.2013	150,81	150,88	0,05	123,90
<b>04.02-08.02</b>	<b>150,50</b>	<b>150,57</b>	<b>-0,14</b>	<b>762,15</b>
04.02.2013	150,88	150,77	-0,07	89,80
05.02.2013	150,77	150,63	-0,09	163,25
06.02.2013	150,63	150,52	-0,07	186,20
07.02.2013	150,52	150,50	-0,01	140,55
08.02.2013	150,50	150,54	0,03	182,35

\* - өткен кезеңге өзгерістер




## 2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

### Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі орташа тиімді түсімділік, %	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
<b>Қаржы министрлігінің МБҚ</b>				
10.12-14.12	3.1	56.4	5.37	12.3
19.12-21.12	0.3	52.0	6.70	1.4
24.12-29.12	0.7	20.5	6.35	2.0
03.01-04.01	-	-	-	-
08.01-11.01	2.3	79.5	5.58	18.0
14.01-18.01	1,4	41,29	3,13	14.4
21.01-25.01	2,2	36,01	6,52	18.0
28.01-01.02	17,9	5,89	инф+0,01	5,3
04.02-08.02	2,9	49,38	3,66	34,1
<b>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары</b>				
10.12-14.12	0.30	100	1.51	15.1
19.12-21.12	0.30	100	1.07	15.1
24.12-29.12	0.35	100	1.82	17.7
03.01-04.01	0.25	100	1.05	5.0
08.01-11.01	-	-	-	-
14.01-18.01	0,32	100	1,05	6,5
21.01-25.01	-	-	-	-
28.01-01.02	0,50	100	1,05	10,1
04.02-08.02	-	-	-	-

### Теңгемен номинирленген МБҚ нарығы



**Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)**

	Көлемі млн.теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржы министрлігінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақ мерзімді	орташа мерзімді	қысқа мерзімді	
30.11.12	3 112 600,37	2 197 304,71	562 443,27	89 810,47	263 041,87
07.12.12	3 064 668,55	2 210 526,79	547 443,26	77 864,61	228 833,89
14.12.12	3 094 060,32	2 210 526,79	572 839,13	80 816,61	229 877,78
21.12.12	3 112 637,01	2 214 042,75	572 839,13	80 816,61	244 938,52
29.12.12	3 091 265,03	2 237 571,87	586 778,14	80 816,61	186 098,41
04.01.13	3 085 280,63	2 237 571,87	586 778,14	80 816,61	180 114,01
11.01.13	3 089 820,30	2 237 571,87	604 812,84	67 321,57	180 114,01
18.01.13	3 110 711,95	2 237 571,87	609 507,67	77 030,31	186 602,10
25.01.13	3 092 809,04	2 255 618,67	609 507,67	77 030,31	150 652,39
01.02.13	3 120 090,43	2 260 888,67	609 507,67	101 325,74	148 368,35
08.02.13	3 117 265,92	2 260 888,67	619 340,30	101 325,74	135 711,21

**3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ**

	2003 ж.шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	7,637
04.02.2013	2,912
05.02.2013	2,517
06.02.2013	2,498
07.02.2013	2,561
08.02.2013	2,732
<i>эмиссия басынан бері</i>	-4,910
<i>апта үшін</i>	-0,180




#### 4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %
28.01-01.02	244,0	3 615,9	18,3	424,6	73,3	-0,1
04.02-08.02	244,6	2 472,0	-31,6	380,8	72,1	-1,6

Банкаралық ақша аудару жүйесі




Бөлшек төлемдер жүйесі




## 5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
01.02.2013	08.02.2013	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
13 910,42	13 992,97	0,59%	38,04%
11 191,34	11 153,16	-0,34%	5,79%
7 833,39	7 652,14	-2,31%	48,29%
6 347,24	6 263,93	-1,31%	20,49%
23 822,06	23 177,00	-2,71%	102,75%




Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	01.02.2013	08.02.2013	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
USD/JPY	91,07	92,70	1,79%	-29,30%
GBP/USD	1,5800	1,5802	0,01%	8,88%
EUR/USD	1,3567	1,3364	-1,50%	50,92%
USD/RUR	30,02	30,05	0,11%	-1,46%





Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		01.02.2013	08.02.2013	кезең үшін	2001 ж. жел. бастап.
алтын	тр.ун.	1677,1	1667,2	-0,59%	502,64%
мыс	метр.тонна	8 190,8	8 259,5	0,84%	465,54%
мырыш	метр.тонна	2 155,8	2 181,8	1,21%	182,79%
мұнай	баррель	116,54	118,29	1,50%	482,71%
астық	тонна	280,54	278,79	-0,62%	176,41%




## 6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

### Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді банкаралық депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырыл- ған депозит- тер көлемі*	Орташа алын- ған сыйақы мөлшер- лемесі (%)
<b>24.12.12-29.12.12</b>								
KZT	49 120 000	0,75	1 300 000	0,75	6 120 000	8	0	0,00
USD	41 000	0,90	0	0,00	1 237 769	0,06	685 990	0,55
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	5 282 500	5,34	0	0,00
<b>31.12.12-04.01.12</b>								
KZT	137 800 000	0,65	5 000 000	1,24	900	1	0	0,00
USD	1 000	0,35	0	0,00	1 006 471	0,13	5 586	6,99
EURO	0	0,00	0	0,00	29 000	0,20	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
<b>07.01.13-11.01.13</b>								
KZT	69 800 000	0,55	7 000 000	4,35	0	0	0	0,00
USD	20 000	0,10	0	0,00	2 892 220	0,08	70 650	0,33
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	2 124 000	4,08	0	0,00
<b>14.01.13-18.01.13</b>								
KZT	82 600 000	0,57	400 000	7,70	0	0	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	2 906 001	0,07	53 300	2,60
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	2 535 000	4,16	0	0,00

\*- валюта мың бірлігі


### Банкаралық ақша нарығындағы теңгелік депозиттер және олар бойынша кірістілік деңгейі



**Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)**

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (валюта мың бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде: оның ішінде резидент банктер
		(валюта мың бірлігі)	% *		
24.12.12-28.12.12 USD RUB EUR	578 964 142 208 1 695	488 356 129 200 1 695	84,3 90,9 100,0	150,41 4,93 198,87	150,41 4,93 198,87
29.12.12-04.01.13 USD RUB EUR	116 551 0,00 6 835	100 000 0,00 6 835	85,8  100,0	150,59 0,00 196,56	150,59 0,00 196,56
07.01.13-11.01.13 USD RUB EUR	242 461 36 205 8 739	192 020 16 200 4 939	79,2 44,7 56,5	150,79 4,99 198,83	150,82 4,99 197,84
14.01.13-18.01.13 USD RUB EUR	390 618 86 730 7 475	298 481 69 000 7 475	76,4 79,6 100,0	150,79 4,99 201,16	150,81 4,98 201,17

\*резидент банктердің мәмілелерінің жалпы мәмілелер көлеміне үлес салмағы



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2012 жылғы 24 тамыз

№ 236

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік сәйкестендіру кодтарын беруі, пайдалануы және күшін жоюы, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және күшін жою, олардың құрылымдары, Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін ұйымдастыру, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік сәйкестендіру кодтарын беруі, пайдалануы және күшін жоюы, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және күшін жою, олардың құрылымдары, Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) бекітілсін.

2. Нұсқаулықтың 11-тармағының 3) тармақшасы 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

3. Нұсқаулықтың 16-тармағының б) тармақшасында «бизнес сәйкестендіру нөмірі» деген сөздер 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін «салық төлеушінің тіркеу нөмірі» деген сөздер болып саналсын.

4. Осы қаулы<sup>1</sup> алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 3 қазанда №7960 тіркелген*

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік сәйкестендіру кодтарын беруі, пайдалануы және күшін жоюы, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және күшін жою, олардың құрылымдары, Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік сәйкестендіру кодтарын беруі, пайдалануы және күшін жоюы, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және күшін жою, олардың құрылымдары, Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулық

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік сәйкестендіру кодтарын беруі, пайдалануы және күшін жоюы, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және күшін жою, олардың құрылымдары, Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) банктік сәйкестендіру кодтарын беруін, пайдалануын және күшін жоюын, сондай-ақ банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беруін және күшін жоюын, олардың құрылымдарын, Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыруды және жүргізуді нақтылайды.

2. Нұсқаулықта «Ақша төлемі мен аударымы туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) банктің атауы – банктің /банк филиалының толық ресми атауы. Банктің құрылтай құжаттарына сәйкес қысқартылған атауды пайдалануға жол беріледі;

2) банк коды, банк филиалының коды – Ұлттық Банк банктерге және олардың филиалдарына беретін, үш цифрлық разрядтан тұратын бірегей нөмір;

3) банктердің анықтамалығы – банктердің жүйеге келтірілген, олардың банктік сәйкестендіру коды, банктердің коды, банктер филиалдарының коды және басқа деректемелері бар тізбесі;

4) банктік сәйкестендіру коды – ақша аудару не төлеу туралы нұсқауларды ұсыну кезінде, төлем жүйелерінің пайдаланушылары болып табылатын банктерді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды (бұдан әрі – банк) сәйкестендіруге арналған символдар жүйелілігі;

5) деректеме -ағымдағы мәртебесін анықтауға мүмкіндік беретін мәртебе;

6) жеке сәйкестендіру коды – банктің Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шотының тиісті нөмірі;

7) клиенттің түрі – жүзеге асыратын қызметінің негізгі түріне сәйкес топтасатын институционалдық бірлік;

8) төлем жүйелерін пайдаланушы (бұдан әрі – пайдаланушы) – «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі – Орталық) пайдаланушыға төлем жүйесіндегі қызмет көрсету туралы шарт жасаған банк.

3. Ұлттық Банк банктік сәйкестендіру кодтарын береді, жояды және пайдаланылуын айқындайды, банктердің кодтарын және банктер филиалдарының кодтарын береді және жояды, олардың құрылымдарын белгілейді, сондай-ақ Банктердің анықтамалығын қалыптастырады және жүргізді.

4. Банктердің коды, банктер филиалдарының коды өз клиенттеріне банк шотының нөмірін қалыптастыру, экспорттық-импорттық валюталық бақылау және банктің/филиалдың Ұлттық Банктен қолма-қол ақша алу мақсатында пайдаланылады.

5. Банктердің анықтамалығында Ұлттық Банкте корреспонденттік шоттар ашқан банктер туралы ақпарат болады. Бұл ақпарат төлем құжаттарын қалыптастыру кезінде, олардың дұрыс қалыптастырылуын бақылау мақсатында пайдаланылады, сондай-ақ ақпараттық мақсатта пайдаланылады.

## 2. Банктік сәйкестендіру кодын беру

6. Банкке банктік сәйкестендіру кодын беру Ұлттық Банк пен банк арасында жасалған корреспонденттік шот шарты негізінде Ұлттық Банкте корреспонденттік шотты ашу кезінде жүзеге асырылады.

7. Банкте ISO (International Organization for Standardization) 9362: Bank Identifier Code халықаралық стандартына сәйкес берілген банктік сәйкестендіру коды болған кезде банк бұл банктік сәйкестендіру кодын оны Ұлттық Банк Банктердің анықтамалығына енгізген соң Қазақстан Республикасының аумағында қолданады. Банктік сәйкестендіру коды латын әліпбиінің сегіз не он бір әріптік белгілерінен және цифрлардан құралады.

8. Банк ISO халықаралық стандарттарына (International Organization for Standardization) 9362: Bank Identifier Code сәйкес берілген банктік сәйкестендіру кодын Қазақстан Республикасында пайдалану туралы өтініш жасаған кезде Ұлттық Банк берген банктік сәйкестендіру коды жойылады.

## 3. Банк кодын және банк филиалының кодын беру

9. Банкке банк коды Ұлттық Банкте корреспонденттік шотты ашумен бірізгіде беріледі.

10. Банк филиалына кодты беру және оны Банктердің анықтамалығына енгізу банктің Ұлттық Банкке мына құжаттарды беруінен кейін жүзеге асырылады:

1) банк филиалына кодты беру туралы банктің өтініш хаты;

2) филиалды заңды тұлғаны есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы қазақ және орыс тілдеріндегі куәліктің көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасы салық төлеушісі куәлігінің көшірмесі.

11. Банк коды және банк филиалы кодының разрядтары мынадай мәнді білдіреді:

1) Үкімет құрамына кіретін мемлекеттік органдарға 001-дан 099-ға дейін;

2) Ұлттық Банкке және оның филиалдарына 101-дан 199-ға дейін;

3) банктерге және олардың филиалдарына 201-ден 999-ға дейін. **(Нұсқаулықтың 11-тармағының 3) тармақшасы 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылды )**

12. Банктің коды және /немесе банк филиалының коды бірегей болып табылады және басқа банкке/ банк филиалына қайталап тағайындалмайды.

## 4. Банктік сәйкестендіру кодының, банк кодының және банк филиалы кодының күшін жою

13. Банк пен Ұлттық Банктің арасында жасалған корреспонденттік шот шартың бұзған және корреспонденттік шотты жапқан кезде Ұлттық Банк банктік сәйкестендіру кодының және банк кодының күшін жояды және оны Банктер анықтамалығынан алып тастайды.

14. Ұлттық Банк банктің филиалының кодының күшін жояды және оны банктің жазбаша хабарламасы негізінде Банктер анықтамалығынан алып тастайды.

## 5. Банктік сәйкестендіру кодының құрылымы

15. Банктік сәйкестендіру кодының құрылымы ISO (International Organization for Standardization) 9362: Bank Identifier Code халықаралық стандартына негізделген және сегіз әріптік-цифрлық разрядтан тұрады, мұндағы:

1) бірінші, екінші, үшінші және төртінші разряд – банктің банк атауының төрт әріптік символынан

тұратын бірегей коды. Банктің оның құрылтай құжаттарында көрсетілген атауына сәйкес келетін қысқартылған атауы пайдаланылады және латын әріптерімен белгіленеді. Банктің бірегей коды банкпен келісім бойынша беріледі;

2) бесінші және алтыншы разрядтар – елдің коды. Қазақстан Республикасының халықаралық коды – KZ пайдаланылады;

3) жетінші және сегізінші разрядтар – әріптік-цифрлық символдардан тұратын банктің орналасқан жерінің (қала, аймақ) коды. Алматы қаласында орналасқан банктер үшін жетінші разряд - «К» мәнін, Қазақстанның аймақтық банктері үшін - «2», сегізінші разряд аймақ немесе қала ішінде қосымша бөлімшені айқындайды және «0» және «1» және «О» әрпінен басқа кез келген белгіні көрсетеді.

## 6. Банктер анықтамалығының құрылымы

16. Банктер анықтамалығы Ұлттық Банктің автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесінде қалыптастырылады және мынадай деректерден тұрады:

- 1) банктің банктік сәйкестендіру коды (банк және оның филиалы үшін);
- 2) Ұлттық Банктің банктік сәйкестендіру коды;
- 3) банктің коды/банк филиалының коды;
- 4) жеке сәйкестендіру коды;
- 5) банктің атауы;
- 6) бизнес сәйкестендіру нөмірі;
- 7) клиенттің түрі;
- 8) резиденттік белгісі (Қазақстан Республикасының резиденті немесе резиденті емес);
- 9) ұлттық және (немесе) шетел валютасында банк операцияларын жүргізуге банктің лицензиясының нөмірі мен датасы;
- 10) экономика секторы;
- 11) кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеуішінің (КҰЖЖ) коды;
- 12) банктің орналасқан жері;
- 13) телефон, факс, электрондық пошта;
- 14) банктің бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса);
- 15) банктің бас бухгалтерінің тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса);
- 16) деректеме. Бұл бағанда мына мәртебелердің бірі көрсетіледі:  
«белсенді» төлемдерді жүргізуде шектеудің жоқтығын көрсетеді;  
«белсенді емес» белсенді операциялар жүргізуге тыйым салуды көрсетеді;  
«жабық» Банктердің анықтамалығынан банктік сәйкестендіру кодын алып тасталғанын көрсетеді.

## 7. Банктердің анықтамалығын жүргізу

17. Банктердің анықтамалығын жүргізу деректерді жинақтауды, өңдеуді, өзгерістерді енгізуді, сондай-ақ Банктердің анықтамалығын банктерге, Ұлттық Банктің филиалдарына және Орталыққа жеткізуді қамтиды.

18. Банк немесе банктің филиалы өзінің деректемелері өзгерген кезде корреспонденттік шоттың шартына сәйкес ол туралы Ұлттық Банкке он жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлайды.

19. Ұлттық Банк алынған ақпараттың негізінде үш жұмыс күні ішінде Банктердің анықтамалығына өзгерістер енгізеді және байланыстың электронды арналары арқылы пайдаланушыларға, Ұлттық Банктің филиалдарына және Орталыққа хабарламалардың кепілді жеткізілуін қамтамасыз етеді.

20. Ұлттық Банк Банктердің анықтамалығына өзгерістерді енгізгеннен кейін енгізілген өзгерістер туралы банкке жазбаша түрде хабарлайды.

21. Ұлттық Банк Банктердің анықтамалығын Ұлттық Банктің интернет – ресурсында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырады.

22. Ұлттық Банк Банктердің анықтамалығындағы ақпараттың дәйектілігін және өзектілігін, сондай-ақ оның уақтылы жіберілуі мен Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**  
**БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2012 жылғы 24 тамыз

№ 237

Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе аумағына әкелінетін  
вексель қағазының қорғаныш дәрежелеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ  
вексель қағазына техникалық талаптарды белгілейтін қағидаларды бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін ұйымдастыру, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе аумағына әкелінетін вексель қағазының қорғаныш дәрежелеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ вексель қағазына техникалық талаптарды белгілейтін қағидалар бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 3 қазанда №7957 тіркелген*



Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылатын  
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе оның аумағына әкелінетін вексель қағазына қойылатын талаптарды белгілейтін ережені бекіту туралы» 2001 жылғы 31 наурыздағы № 79 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1494 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2001 жылғы 13 маусымда № 140 (23488) жарияланған);
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 1494 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе оның аумағына әкелінетін вексель қағазына қойылатын талаптарды белгілейтін ережені бекіту туралы» 2001 жылғы 31 наурыздағы № 79 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2004 жылғы 13 қыркүйектегі № 120 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3146 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2004 жылғы 4 қарашада № 251 (24561) жарияланған);
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылды деп тану туралы» 2005 жылғы 27 тамыздағы № 93 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3847 тіркелген) қосымшаның 3-тармағы.

Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе аумағына әкелінетін  
вексель қағазының қорғаныш дәрежелеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ вексель қағазына  
техникалық талаптарды белгілейтін қағидалар

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе аумағына әкелінетін вексель қағазының қорғаныш дәрежелеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ вексель қағазына техникалық талаптарды белгілейтін қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе аумағына әкелінетін вексель қағазының қорғаныш дәрежелеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ вексель қағазына техникалық талаптарды белгілейді.

2. Вексель қағазын Қазақстан Республикасының аумағында шығару немесе әкелу Қағидаларда белгіленген полиграфиялық қорғаныш нысанына қойылатын талаптарға және физикалық-химиялық қорғаныш нысанына техникалық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Вексель қағазының (вексель бланкісінің) полиграфиялық қорғаныш нысаны мынадай қорғаныш дәрежелерінен тұрады:

1) гильошир элементтері – вексель қағазын көркем безендіруде айшықты құрал қызметін атқаратын және ашық түсте – күңгірт немесе күңгірт түсте – ашық етіп салынған эллипс түріндегі және басқа нысандағы тұтас сызықтар болып келетін жіңішке тор іспеттес ою-өрнек немесе белдеулер түрінде орындалған тұрақты қорғаныш элементтері. Ою-өрнек иректермен айналдыра көмкеріледі және әлдеқайда күрделі тұйықталған бірнеше қисық сызықтар салу жолымен жасалады, ал белдеулер белгілі бір жерді алып тұратын тұйықталған қисық сызықтардан құралады;

2) бет және сырт жағындағы түсті бейнелер – түсі солғын бояулармен басылған жұқа сызықтардан құралған тор (бір бірімен қиылысқан екі-үш гильошир торлар) түрінде салынған сурет. Негізгі түс тұйықталған, жеткілікті ашық жер қалдыру және элементтер арасында байланыс болу үшін қажет. Қалыңдықтары біркелкі негізгі түс сызықтарынан құралған сурет ою-өрнек сипатында берілген;

3) штрихті сурет – белгілі бір бөліктерін қарайтуға болмайтын нәзік штрихтер арасы барынша жақын етіп салынған сурет;

4) микромәтін – сөздердің арасына ашық жер қалдырылмай жазылған, әріптердің биіктігі 0,2 - 0,3 миллиметрден аспайтын жолдар, ол қандай да бір суретті көмкеріп тұратын немесе жиектің өзі ретінде қолданылатын, сондай-ақ негізгі түс түрінде құрастырылатын жиек элементтерінің ортасына орналастырылады;

5) ирис баспасы – бір нысандағы екі түсті басу, алынған бейнелерде бір түс екінші түске жалғаса ауысады;

6) нөмірлеу – ультракүлгін жарықпен сәулеленетін қара түсті бояумен жоғары сапалы басу тәсілімен басып шығару.

4. Қорғаныштың физикалық-химиялық нысаны вексель қағазына қойылатын мынадай техникалық талаптардан тұрады:

1) қағаздың ұзын торлы немесе дөңгелек торлы сутамғы белгісі;

2) қағаздағы көзбен көріп байқауға болатын арнайы талшықтар;

3) қағаздағы спектрдің ультракүлгін аймағында көзбен көріп байқауға болатын арнайы талшықтар;

4) қорғаныш (пластика, магнитті, металл қосылған) жіптердің болуы;

5) индикаторлық қоспалардың болуы;

6) вексель қағазы жарық түскен кезде сәулеленіп тұрмауға тиіс.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**  
**БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2012 жылғы 24 тамыз

№ 241

Бағалы металдардағы активтерді  
толықтыру үшін тазартылған алтынды  
сатып алуға мемлекеттің басым құқығын  
іске асыру қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру тәртібін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін толықтыру үшін құймалар түріндегі тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру ережесін бекіту туралы» 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 121 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7302 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2011 жылғы 28 желтоқсанда № 191 (2007) тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 3 қазанда №7955 тіркелген*

Бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін  
тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің  
басым құқығын іске асыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын (бұдан әрі – басым құқық) іске асыру тәртібін айқындайды.

2. Толықтыру үшін тазартылған алтын сатып алынатын бағалы металдардағы активтер Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінің құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) басым құқықты іске асыру – Ұлттық Банктің тазартылған алтынды клиенттерден тікелей сатып алуы;

2) бид-аск (bid-ask) спред – халықаралық нарықтағы сатып алу мен сату бағасы арасындағы айырма;

3) клиенттер – тазартылған алтынды өткізу кезінде оны Ұлттық Банкке басым тәртіпте ұсынатын өндіру және шығару субъектілері;

4) сатып алу лимиті – Ұлттық Банктің тазартылған алтынды басым құқықты іске асыру шеңберінде белгілі бір кезеңде сатып алуының ең көп ықтимал көлемі;

5) сауда тикеті (мәміле паспорты) – бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алу-сатудың жалпы талаптары жөнінде жасалған шартқа сәйкес тазартылған алтынның нақты лоты жеткізілімінің барлық елеулі талаптарын және өлшемдерін қамтитын, мәміле тараптары қол қоятын құжат;

6) тазартылған алтын – тазарту кезеңінен өткен және:

Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде белгіленген талаптарға не Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған және осы қауымдастықтың құжаттарында «Лондон сапалы жеткізілімі» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде өндірілген құймалар;

шығарылған елінің заңнамасына не Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған және осы қауымдастықтың құжаттарында «Лондон сапалы жеткізілімі» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сәйкес дайындалған, таңбаланған және сертификатталған шет елде өндірілген құймалар;

«Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден одағын бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы» Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы № 19 шешімімен бекітілген Бағалы металдарды, асыл тастарды және бағалы металдары бар шикізат тауарларын Еуразиялық

экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағының кеден аумағына әкелу және Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағының кеден аумағынан әкету тәртібі туралы ереженің

2-қосымшасында көрсетілген бұйымдарды қоспағанда, құрамында 1000-ға 995 бөліктен кем емес химиялық таза алтын бар өлшеуіш құймалар, пластиналар, түйіршіктер, ұнтақ және басқа нысандар түрінде берілген бағалы металл;

7) тазартылған алтынды сынау – тазартылған алтынның сандық және сапалық сипаттамаларын белгілеу мақсатында жүргізілетін жұмыстар кешені.

### 3. Басым құқықты іске асыру тәртібі

4. Клиенттер Ұлттық Банкке тазартылған алтынды өндіру және сату болжамының алдағы жылдың бірінші жартыжылдығына арналған кестесін – ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін, ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығына арналған болжамының кестесін – ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін ұсынады.

5. Ұлттық Банк Төрағасы тазартылған алтынды өндіру және сату болжамын, ақша нарығының жай-күйін, ақша-кредит саясатының көрсеткіштерін және халықаралық қаржы нарықтарының конъюнктурасын негізге ала отырып, алдағы жартыжылдыққа басым құқықты іске асыру шеңберінде сатып алу лимитін бекітеді не алдағы кезеңде (бір айдан жарты жылға дейін) басым құқықты іске асырмау туралы шешім қабылдайды.

6. Бекітілген сатып алу лимиті шеңберінде Ұлттық Банк тазартылған алтынды өндіру және сату болжамының кестесін ұсынған нақты клиенттен сатып алынатын тазартылған алтынның көлемін айқындайды. Сатып алу көлемдері клиенттерге алдағы жылдың бірінші жартыжылдығына – ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін, ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығына – ағымдағы жылдың 1 маусымына дейін жеткізіледі.

7. Егер тазартылған алтынды өндірудің және сатудың күтілетін көлемі Қағидалардың 4-тармағына сәйкес Ұлттық Банкке жеткізілген тазартылған алтынды өндірудің және сатудың көлемінен асып кеткен жағдайда, клиенттер Ұлттық Банкке тазартылған алтынды өндіру және сату болжамының өзгертілген кестесін қосымша ұсынады.

Ұлттық Банк тазартылған алтынды өндіру және сату болжамының өзгерген кестесін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде клиентке тиісінше тазартылған алтынды сатып алудың өзгертілген көлемін жеткізеді немесе клиентке бұрын жеткізілген тазартылған алтынды сатып алудың көлемі өзгеріссіз қалдырылғаны туралы хабарлайды.

8. Алдағы кезеңде (бір айдан жарты жылға дейін) басым құқықты іске асырмау туралы шешім қабылданған жағдайда, көрсетілген шешім бес жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында жарияланады.

9. Басым құқық:

1) сатып алу лимитіне жеткен жағдайда;

2) Қағидалардың 5-тармағына сәйкес алдағы кезеңде басым құқықты іске асырмау туралы қабылданған шешім болған кезде іске асырылмайды.

10. Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген негіздер Қағидалардың

6 және 7-тармақтарында көрсетілген клиенттерге қатысты, оларға жеткізілген тазартылған алтынды сатып алу көлемдері шегінде қолданылмайды.

11. Ұлттық Банк Төрағасының не Төраға орынбасарының қолы қойылған бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға дайын екендігі туралы растау не басым құқықты іске асырудан бас тарту клиент өтініш білдірген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде клиентке жеткізіледі.

12. Тазартылған алтынды сатып алу Ұлттық Банктің клиентпен жасасқан басым құқықты іске асыру шеңберінде тазартылған алтынды сатып алу-сатудың жалпы талаптарын айқындайтын шарттың және сатып алынатын тазартылған алтынның нақты лотына ресімделетін сауда тикетінің (мәміле паспортының) негізінде жүзеге асырылады.

13. Тазартылған алтынға сынақтар жүргізу және тазартылған алтынның сапасы мен саны бойынша шағым-талаптар қою тәртібі басым құқықты іске асыру шеңберінде тазартылған алтынды сатып алу-сатудың жалпы талаптарын айқындайтын шартта белгіленеді.

14. Тазартылған алтынның бағасы мәміле күнінің алдындағы күнгі орташа алынған теңгенің АҚШ долларына биржалық бағамына және бүкіл жеткізілім айына Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығының алтынға орташа алынған таңертеңгі және кешкі фиксингінің орташа мәніне қарай және: алтынды халықаралық нарықтарға экспорттау жөніндегі көлік және кеден шығыстарынан; артық ақша массасын айықтыру шығыстарынан және бид-аск (bid-ask) спредтен тұратын іске асыруға жұмсалатын шығындардан;

Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы қабылдаған және осы қауымдастықтың құжаттарында «Лондон сапалы жеткізілімі» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген халықаралық сапа стандарттарына жауап бермейтін тазартылған алтын сатып алынған жағдайда қолданылатын сапа үшін жеңілдіктен тұратын дисконтқа қарай теңгемен айқындалады.

Бір кезеңде сатып алынатын бір сападағы барлық тазартылған алтынға бірыңғай дисконт мөлшерлемесі қолданылады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2012 жылғы 24 тамыз

№ 242

**Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының  
шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларын  
бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін ұйымдастыру, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 3 қазанда № 7977 тіркелген*

Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының  
шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу  
қағидалары

Осы Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) ұлттық валютаның шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу тәртібін айқындайды.

1. Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар

1. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) ААЖ – Ұлттық Банктің автоматтандырылған ақпарат жүйелері;
- 2) кросс-бағам – екі валютаның АҚШ долларына қатысты бағамынан құралатын олардың арасындағы баға белгіленімі;
- 3) уәкілетті бөлімше – Ұлттық Банктің монетарлық операциялар бөлімшесі;
- 4) Ұлттық Банктің басшылығы – Ұлттық Банктің Төрағасы немесе Ұлттық Банк Төрағасының уәкілетті бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасары;
- 5) ұлттың валютаның ресми бағамы – теңгенің Қағидалардың қосымшасына сәйкес шетел валюталарына қатысты Ұлттық Банк белгілейтін бағамы. Ұлттық валютаның шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу тәртібі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібіне ұқсас. Ұлттық валютаның ресми бағамын және валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалану мақсаттары 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен (Салық кодексі), 2010 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерімен белгіленеді.

2. Ұлттық валютаның шетел валюталарына қатысты  
ресми бағамын белгілеу тәртібі

2. Ұлттық Банк ұлттық валютаның шетел валюталарына қатысты ресми бағамын қор биржасы шетел валюталары бойынша сауда-саттық жүргізетін жұмыс күндері күн сайын белгілейді.

Ұлттық Банк оларға қатысты ұлттық валютаның ресми бағамын белгілейтін шетел валюталарының тізбесі Қағидалардың қосымшасында айқындалған.

3. Ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты Астана уақытымен сағат 11-00-дегі жағдай бойынша қор биржасының таңғы (негізгі) сессиясында қалыптасқан орташа алынған биржалық бағамы ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты сауда-саттық жүргізілген күннен кейінгі жұмыс күніне арналған ресми бағамы ретінде белгіленеді.

4. Қағидалардың қосымшасында көрсетілген басқа шетел валюталары бойынша ұлттық валютаның шетел валютасына қатысты бағамын Ұлттық Банк қор биржасында сауда-саттық жүргізілген күнгі Астана уақытымен сағат 15-00-дегі жағдай бойынша ақпарат агенттіктерінің арналары бойынша алынған



сұраныстың баға белгіленімдеріне сәйкес қалыптасқан АҚШ долларына қатысты кросс-бағамды пайдалана отырып есептейді және ол келесі жұмыс күніне арналған ресми бағам ретінде белгіленеді.

5. Жұмыс емес күндері Ұлттық Банктің жұмыс емес күннің алдындағы жұмыс күніне белгілеген бағамдары қолданылады.

6. Есептелген ресми бағамдардың сандық мәні екі ондық белгіден тұрады.

### 3. Ұлттық валютаның шетел валюталарына қатысты бағамдарын белгілеуді қамтамасыз ететін рәсімдер

7. Ұлттық Банк ұлттық валютаның шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілейді және шетел валюталарының ұлттық валютаға қатысты ресми бағамдарын Ұлттық Банктің көрсетілген валюталарды белгіленген бағам бойынша сатып алу немесе сату міндеттемесінсіз жариялайды.

8. Ұлттық Банк ұлттық валютаның шетел валюталарына қатысты ресми бағамдарын Қағидалар қосымшасының нысаны бойынша ұлттық валютаның шетел валюталарына қатысты ресми бағамы белгіленген күні Ұлттық Банктің интернет-ресурсында жариялайды.

9. Уәкілетті бөлімше шетел валюталарының ұлттық валютаға қатысты ресми бағамдары туралы құжатты шетел валюталары ресми бағамдарының қолданылу мерзімдерін көрсете отырып, Қағидалар қосымшасының нысаны бойынша дайындайды.

10. Шетел валюталарының ұлттық валютаға қатысты ресми бағамдарын белгілеу туралы ақпарат Ұлттық Банктің басшылығы қол қойғаннан кейін олар белгіленген күні Астана уақытымен 18.00-ге дейін Ұлттық Банктің бөлімшелеріне және ведомстволарына, екінші деңгейдегі банктерге және басқа да мүдделі ұйымдарға деректерді ресми байланыс арналары (орталық телетайп, телекс, SWIFT) және электрондық почта арқылы жіберу жолымен жеткізіледі.

11. Ұлттық валютаның шетел валюталарына қатысты ресми бағамдары (шетел валюталарының ұлттық валютаға қатысты ресми бағамдары) туралы ақпарат белгіленген күні Астана уақытымен сағат 24.00-ге дейін ААЖ-ға енгізіледі.

12. Шетел валюталарының ұлттық валютаға қатысты ресми бағамдары туралы қол қойылған құжаттың түпнұсқасы тігіледі және уәкілетті бөлімшеде сақталады.

Қазақстан Республикасы  
ұлттық валютасының шетел валюталарына  
қатысты ресми бағамын белгілеу  
қағидаларына  
қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шетел валюталарының Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қатысты \_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ ресми бағамдары туралы хабарлайды.

1	Австралия доллары (AUD)	теңге
1	Ағылшын фунт стерлингі (GBP)	теңге
1	Белорусь рублі (BYR)	теңге
1	Бразилия реалы (BRL)	теңге
1	Венгрия форинті (HUF)	теңге
1	Гонконг доллары (HKD)	теңге
1	Дат кронасы (DKK)	теңге
1	БАӘ дирхамы (AED)	теңге
1	АҚШ доллары (USD)	теңге
1	Еуро (EUR)	теңге
1	Канада доллары (CAD)	теңге
1	Қытай юані (CNY)	теңге
1	Қырғыз сомы (KGS)	теңге
100	Корея вонасы (KRW)	теңге
1	Кувейт динары (KWD)	теңге
1	Латвия латы (LVL)	теңге
1	Литва литі (LTL)	теңге
1	Малазия ринггиті (MYR)	теңге
1	Молдава леясы (MDL)	теңге
1	Норвегия кронасы (NOK)	теңге
1	Польша злотыйы (PLN)	теңге
1	Ресей рублі (RUB)	теңге
1	Сауд Аравиясының риялы (SAR)	теңге
1	СДР (XDR)	теңге
1	Сингапур доллары (SGD)	теңге
1	Тәжік сомониі (TJS)	теңге
1	Түрік лирасы (TRY)	теңге
1	Өзбек сумы (UZS)	теңге
1	Украина гривнасы (UAH)	теңге
1	Чех кронасы (CZK)	теңге
1	Швед кронасы (SEK)	теңге
1	Швейцария франкі (CHF)	теңге
1	Оңтүстік Африка рэнді (ZAR)	теңге
1	Жапон йенасы (JPY)	теңге

құжатқа қол қойылған күн

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің  
Басшылығы \_\_\_\_\_ Аты-жөні  
(колы)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2012 жылғы 24 тамыз

№ 243

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының  
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын шығару,  
орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ережесін бекіту туралы»  
2005 жылғы 15 қыркүйектегі № 108 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін ұйымдастыру, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 15 қыркүйектегі № 108 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3894 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ережесінде:

1 және 2-тараулардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар»;

«2. Жалпы ережелер»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Қысқа мерзімді нота айналыстағы эмиссиялық мемлекеттік дисконтталған құжаттандырылмаған бағалы қағазды білдіреді, оны мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, Ұлттық Банк дисконтталған баға бойынша орналастырады, номиналдық құны бойынша өтейді.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Ұлттық Банктің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті қысқа мерзімді ноталардың әрбір шығарылымына ұлттық сәйкестендіру нөмірін береді.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Қысқа мерзімді ноталарды шығаруға және операциялар жасауға салық салу тәртібі 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексімен реттеледі.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қысқа мерзімді ноталарды орналастыру»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Бастапқы агенттер қысқа мерзімді ноталарды сатып алуға бәсекелес және (немесе) бәсекелес емес ұсыныстары бар өтінімдер береді.»;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Ұлттық Банктің шешімі бойынша аукцион өткізілетін күні қысқа мерзімді ноталар аукционының жарияланған талаптарын:

1) Бастапқы агенттердің немесе инвесторлардың қысқа мерзімді ноталарды сатып алуы;

2) Қазақстан Республикасының резиденті еместердің қатысуы;

3) бәсекелес емес ұсыныстары бар өтінімдерді қанағаттандыруы бөлігінде өзгертуге жол беріледі.»;

32 және 33-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Ұлттық Банк өзі жүргізіп отырған ақша-кредит саясатының бағыттарына және қаржы нарығының конъюнктурасына сәйкес, уәкілетті бөлімшеден алынған деректер негізінде қысқа мерзімді ноталарды шығару мен орналастырудың белгіленген шарттарының көлемінен төмен не жоғары мөлшерде қысқа мерзімді ноталарды орналастыруды жүзеге асырады.

33. Ұлттық Банк уәкілетті бөлімшеден алынған деректер негізінде осы шығарылымның аукционьнда (бұдан әрі – қосымша орналастыру) қалыптасқан орташа алынған дисконтталған баға бойынша тиісті шығарылымның қысқа мерзімді ноталарының қосымша көлемін орналастыруды жүргізеді.»;

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«53. Шамалы көлем және ақша-кредит саясатының міндеттерін орындау үшін жеткіліксіз, қанағаттандырылмаған баға шарттары болған жағдайда, Ұлттық Банк уәкілетті бөлімшеден алынған деректер негізінде қысқа мерзімді ноталарды орналастыруды өткізілмеді деп жариялайды. Өткізілмеді деп жариялау уәкілетті бөлімше басшысының өкімімен бекітіледі.»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қысқа мерзімді ноталар үшін ақы төлеу»;

61-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«61. Бастапқы агент және Ұлттық Банк бұйрықтың орындалмағаны туралы хабарлама алған жағдайда, Бастапқы агент пен Ұлттық Банк бұйрықты орындамауға әкеп соқтырған себептерді жойып, орталық депозитарийге бұйрықты қайтадан береді.»;

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қысқа мерзімді ноталар айналысы»;

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«66. Қысқа мерзімді ноталармен операциялар «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады және Ұлттық Банк қысқа мерзімді ноталар шығарудың Бас сертификатында көрсетілген өтеу күнінен бір жұмыс күні бұрын тоқтатылады.»;

6 және 7-тараулардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қысқа мерзімді ноталарды өтеу»;

«7. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарды мерзімінен бұрын өтеуі»;

73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«73. Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын іске асыру мақсатында Бастапқы агенттердің келісімімен қысқа мерзімді ноталарды оларды сатып алу жолымен мерзімінен бұрын өтеуді жүргізеді.»;

84-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«84. Ұлттық Банктің уәкілетті бөлімшеден алынған деректер негізінде сатып алған қысқа мерзімді ноталары айналыс мерзімі аяқталғанға дейін толық немесе ішінара өтеледі.»;

1-қосымшада:

Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарымен операциялар жасау тәртібі туралы шартта:

2.2.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2.2.3. Бастапқы агент немесе оның инвесторы қысқа мерзімді ноталарды төлеуге ақша аударудан толық бас тартқан немесе ішінара бас тартуды қайталаған жағдайда, Ұлттық Банк Бастапқы агенттің номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясынан не бағалы қағаздар нарығында дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясынан айырған немесе қолданылуын тоқтатқан жағдайда, осы Шарттың бір күнтізбелік жылы ішінде осы Бастапқы агенттің қол қою құқығынсыз осы Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.»;

2.4.7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2.4.7. Ұлттық Банктің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің тарапынан Бастапқы агентке санкцияларды, шектеулі ықпал ету шараларын, ертерек ден қою шараларын қолданудың барлық жағдайлары туралы Ұлттық Банкке хабарлауға міндетті.»;

7-қосымшада:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Ұлттық Банктің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті үшін үш дана етіп ресімделді.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*\* Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 8 қазанда № 7981 тіркелді*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2012 жылғы 24 тамыз

№ 252

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда касса операцияларын және банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүргізу ережесін бекіту туралы»  
2001 жылғы 3 наурыздағы № 58 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және банктерде және банк операция-ларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда касса операцияларын және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүргізу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда касса операцияларын және банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2001 жылғы 3 наурыздағы № 58 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 1482 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулыда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды жүргізу қағидалары бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда касса операцияларын және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүргізу ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды жүргізу қағидалары»;

1-бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жалпы ережелер;

1-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-параграф. Банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы кассалық операциялар және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операциялар»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау

бойынша операцияларды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды жүргізу тәртібін, сондай-ақ қолма-қол ақшаны, басқа да құндылықтарды сақтауды және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда, олардың филиалдарында (бұдан әрі – банктер) касса тәртібінің сақталуына бақылауды қамтамасыз ету үшін қажетті талаптарды белгілейді.

Осы Қағидалардың нормалары қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын уәкілетті ұйымдарға қолданылмайды.»;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бір касса қызметкерінің клиенттерге касса қызметін көрсетуді жүзеге асыруынан басқа, банктердің және Ұлттық почта операторының кассаларында қолма-қол ақша қабылдау және беру операцияларын және қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоса атқаруына және орындауына жол беріледі.»;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Кассалық торап «Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзету мен жайластыруды ұйымдастыру жөніндегі талаптарды бекіту туралы» 2007 жылғы 28 мамырдағы № 56 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4817 тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес жобалануға және жасалуға тиіс.

9. Банктердің кассалық және басқа да банк операцияларын жүргізу үшін банк орналасқан жерден басқа жерлерде Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес филиалдар, филиалдардың қосымша үй-жайларын ашуына жол беріледі.»;

2-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-параграф. Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Ережеде қолданылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

1) автоматтандырылған касса – автоматтандырылған басқару құрылғыларын және бағдарламалық қамтамасыз ету пайдалана отырып қолма-қол ақшаны қабылдау, сақтау және беру бойынша электрондық-механикалық жабдық;

2) арнайы байланыс – арнайы жөнелтілімдерді (тіркеу пакеттері, жіберілімдер және мемлекеттік құпиялардан тұратын және олардың тасымалдағыштары бар тиісті бумадағы метиздер), сондай-ақ басқа да жөнелтілімдерді қабылдау, өңдеу, тасымалдау және жеткізу (тапсыру);

3) банк клиенті – банк қызметін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар;

4) банкноттар, монеталар – айналымда жүрген құны және түрі әртүрлі ақша белгілері;

5) банкомат – төлем карточкасын ұстаушыларға қолма-қол ақша алуға және төлем карточкаларын пайдалана отырып банктің басқа да қызмет көрсетуін пайдалануға мүмкіндік жасайтын электрондық-механикалық құрылғы;

6) банк құндылықтарының сақталуына жауапты лауазымды адамдар – банктің (банк филиалының) бірінші басшысы не банк (банк филиалының) басшысының бұйрығымен арнайы тағайындалған лауазымды адам, банктің (банк филиалының) бас бухгалтері не бас бухгалтерінің орынбасары және банк (банк филиалы) кассасының меңгерушісі, не банк (банк филиалы) кассасы меңгерушісінің орнындағы адам;

7) валюталық құндылықтар – қолма-қол шетел валютасы, төлем құжаттары, номиналы және (немесе) құны шетел валютасындағы бағалы қағаздар;

8) инкассация – қолма-қол ақшаны және басқа құндылықтарды қабылдау, жинау, жеткізу, алып бару, тасымалдау, сақтау және өткізу;

9) касса – ақшаны және басқа да құндылықтарды сақтау, қабылдау және беру үшін арнайы жабдықталған үй-жай;

10) касса кітабы (касса журналы) – құндылықтармен жасалған операция көрсетілетін, олардың түсуі мен берілуі есепке алынатын есеп жүргізу ведомостары;

11) касса құжаты – ақша құжаты (кірістік касса ордері, шығыстық касса ордері, қолма-қол ақшамен жарна төлеу жөнінде хабарландыру, чек, төлем ведомосы), сол бойынша құндылықтарды қабылдау және төлеу жөніндегі касса операциясы жасалады және ресімделеді;

12) касса операциялары – құндылықтарды қабылдау, санап алу, айырбастау, беру, іріктеу, буып-түю және сақтау;

13) кешкі касса – жұмыс күні аяқталғаннан кейін банк клиенттерінен және бөлімшелерінен қолма-қол ақшаны қабылдап және санап алатын банк кассасы;

14) корреспондент банктер – Қазақстан Республикасы банктерінің корреспонденттік шоттары ашылған және тиісті келісімдер жасаған банктері;

15) кіріс кассасы – операция кезінде банктің клиенттерінен қолма-қол ақшаны қабылдап алатын банк кассасы;

16) қолма-қол ақша – айналымда жүрген және тиісті мемлекетте немесе мемлекеттердің бір тобында заңды төлем құралы болып табылатын банкнот және металл ақша түріндегі ақша белгілері, сондай-ақ айналымнан алынған немесе алынатын, бірақ айырбасталуға тиісті ақша белгілері;

17) құндылықтар – валюталық құндылықтар, Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары және монеталары, бағалы қағаздар, және қатаң есептегі бланктер, қымбат металдар, олардан жасалған бұйымдар, сондай-ақ айналыстан шығарылып тасталған қымбат металдардан жасалған монеталар, және бағалы заттар;

18) операциялық касса – банктің барлық операциялар бойынша клиенттерге қызмет көрсететін банк кассасы;

19) санап алу кассасы – банк клиенттерінен және бөлімшелерінен қабылданған қолма-қол ақшаны санап алатын, бәрін бір қалыпқа түсіріп буып-түйетін банк кассасы;

20) Ұлттық почта операторының арнайы байланыс қызметі – арнайы байланыс қызметін көрсететін және қолма-қол ақша мен құндылықтарды инкассациялау бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыратын Ұлттық почта операторының құрылымдық бөлімшесі;

21) шығыс кассасы – операция кезінде банктің клиенттеріне қолма-қол ақшаны беретін банк кассасы;

22) эмитент-банк – ақша белгілерін шығаруға және оларды айналымнан алуға байланысты мемлекеттің операцияларды жүзеге асыруды реттейтін орталық (Ұлттық) банкі.»;

2-бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Касса операцияларын жүргізу»;

3-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-параграф. Кіріс кассаларында операциялар жүргізу»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Банктер осы тараудың 1 және 2-параграфтарының талаптарын сақтауға мүмкіндік бермейтін бағдарламалық қамтамасыз ету мен технологияларды пайдалану кезінде кіріс және шығыс кассаларындағы операцияларды жүргізу тәртібі банктің ішкі қағидаларымен бекітіледі.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Банктер қолма-қол ақшаны енгізуге және кассалық кіріс ордеріне хабарландырудың нысандарын Қағидаларда және мемлекеттік органдардың өкілдерінен салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, салықтық емес және өзге де түсімдерді төлеуге қолма-қол ақша қабылдаған кезде қолма-қол ақша ақша енгізуге арналған хабарландырудың нысанын (Қағидаларға 1-1-қосымша) қоспағанда, Ұлттық Банктің өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген барлық міндетті деректемелер сақталған жағдайда, сондай-ақ оларды бюджеттік және Кассалық қызмет көрсетуге арнап жасалған шартқа (Қағидаларға 1-2-қосымша) сәйкес басқа да шоттарға есептеу үшін мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен қолма-қол ақша қабылдаған кезде дербес белгілейді.

Мемлекеттік органның өкілі бюджетке төленетін салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді,

салықтық емес және өзге де түсімдерді төлеуге қолма-қол ақша жарнасын енгізу кезінде сонымен бірге Бюджеттік жіктеу коды бойынша төлемдер тізілімін (Қағидаларға 2-1-қосымша) қоса ұсынады. Банк төлемдер тізілімі негізінде МТ 102 форматында төлем хабарламасын қалыптастырады.

Басқа құндылықтарды кассаға қабылдау баланстан тыс ордерлермен ресімделеді.»;

19-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кассир күмәнді ақша белгілеріне касса меңгерушісінің және клиенттің көзінше ақша белгілерін сараптауға қабылдау туралы екі дана етіп тізімдеме-акт (Қағидаларға 3-қосымша) жасайды, онда күні, осы ақша белгілерін тапқан кассирдің фамилиясы, клиенттің атауы, банкноттардың құны, нөмірі және сериялары, сондай-ақ ақша белгілерінің төлеуге жарамайтындығының өзіне тән белгілері көрсетіледі. Тізімдеме-актіге кассир, касса меңгерушісі, бас бухгалтер немесе уәкілетті адам қол қояды және ол банктің мөрімен расталады. Тізімдеме-актінің бірінші данасы банкте қалады, екіншісі клиентке беріледі. Жиналғанына қарай алынған күмәнді ақша белгілері ілеспе хатпен бірге Ұлттық Банктің тиісті филиалына сараптауға жіберіледі. Бұл орайда Ұлттық Банктің филиалына сараптауға ұлттық валютаның күмәнді ақша белгілері ғана жіберіледі, төлем жасауға күмән туғызатын шетел валютасының ақша белгілері мен төлем құжаттары Қағидалардың 221-тармағына сәйкес инкассоға қабылданады.»;

21-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Жұмыс күнінің соңында кассалық кіріс құжаттарының негізінде кассир (бухгалтер-кассир) бір күнгі касса айналымы және құндылықтардың қалдығы туралы есеп беру анықтамасын (Қағидаларға 5-қосымша) жасайды және анықтамадағы соманы өзі іс жүзінде қабылдаған ақша сомасымен салыстырып тексереді.»;

22, 23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Жұмыс күнінің барысында қабылданған ақшаны кассир (бухгалтер-кассир) жинақтайды, орайды, оны анықтамамен және кіріс құжаттарымен бірге кассир берген және қабылдап алған ақшаны (құндылықтарды) есепке алу кітабына (осы Қағидаларға 6-қосымша) қол қойып касса меңгерушісіне (аға кассирге) тапсырады.

23. Кіріс кассасына түскен ақшаны жұмыс күні ішінде бірнеше рет кассирдің берген және қабылдап алған ақшаны (құндылықтарды) есепке алу кітабына (Қағидаларға 6-қосымша) қол қойып касса меңгерушісіне (аға кассирге) тапсыруға болады. Мұндай жағдайда ақшаны тапсырғанға дейін кассир нақты қолдағы бар ақшаның қабылданған кіріс құжаттары бойынша жалпы сомаға сәйкес келетінін тексеруі тиіс.

24. Құндылықтардың іс жүзіндегі қолдағы бары мен есеп беру құжаттарындағы деректердің арасында айырмашылық болған жағдайда кассир бұл туралы касса меңгерушісіне (аға кассирге) хабарлайды. Артық немесе кем шығуы анықталған жағдайда акт (Қағидаларға 7-қосымша) жасалады, ал касса қызметкері касса бөлімшесінің бастығына түсініктеме жазып береді.»;

4-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-параграф. Шығыс кассаларында операциялар жүргізу»;

28-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Шығыс операцияларын жасау үшін касса меңгерушісі кассирлерге есебі берілетін қолма-қол ақшаның қажетті сомасын кассир қабылдаған және берген ақшаны (құндылықтарды) есепке алу кітабына (Қағидаларға 6-қосымша) қол қойғызып береді. Кассир толық және толық емес бумаларды жапсырылған белгілері бойынша түбіртегіне қарап тексеріп, ал толық емес түбіртектен немесе жеке беттен тұратын бумаларды бір-бірлеп санап қабылдап алады. Монета жапсырмалардағы, пакеттердегі (тюбиктердегі) жазу бойынша қабылданады.»;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Есебі берілетін қолма-қол ақшаның қажетті сомасын кассирлерге бергеннен кейін, касса меңгерушісі операция кассасында қалған қолма-қол ақша сомасының бар екендігін тексеруге және оның қалдығы берілген соманы ескергенде операциялық кассаның қолма-қол ақшасын және ұлттық валютадағы басқа да құндылықтарды есепке алу кітабының (Қағидаларға 10-қосымша) күн басындағы шот бойынша



деректеріне сәйкес келетіндігіне көзін жеткізуге міндетті.»;

31-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Бақылаушы бухгалтер (кассир) Қағидалардың

30-тармағында көрсетілген іс-қимылдарды орындағаннан кейін кассалық шығыс құжатын кассирге береді, ол:»;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Клиент алған қолма-қол ақшаны банкте касса бақылаушысының көзінше кассаның алдында немесе қайта санау үшін арнайы белгіленген жерде өз қалауынша санап алады. Касса бақылаушысының көзінше қайта санап алудың нәтижесінде қолма-қол ақшаның жетпей (артылып) қалуы анықталған жағдайда, акт жасалады (осы Қағидаларға 7-қосымша). Банк жетпеген соманы клиентке сол күні өтейді. Банк шеккен шығынды ақшаның кем шығуына жол берген касса қызметкері өтейді.»;

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Кассир жұмыс аяғының соңында есебі берілетін қолма-қол ақша сомасын шығыс құжаттарының сомасымен және қалған ақшаның қалдығымен салыстырып тексереді, содан кейін бір күнгі касса айналымы және құндылықтар қалды туралы есептік анықтама жасайды (Қағидаларға 5-қосымша), оған қол қояды және сонда келтірілген касса айналымдарын тексеруші бухгалтердің кассалық журналындағы жазбалармен салыстырып тексереді. Бұл ретте салыстырып тексеру кассалық журналда кассирдің және кассирдің анықтамасында тексеруші бухгалтердің қолымен ресімделеді.

Нақты қолдағы қолма-қол ақша мен есеп беру құжаттарындағы деректердің арасында айырмашылық болған жағдайда, кассир бұл туралы касса меңгерушісіне мәлімдейді. Артылып қалғаны немесе жетпей қалғаны расталған жағдайда акт жасалады (осы Қағидаларға 7-қосымша), осыдан кейін кассир касса бөлімшесінің бастығына түсініктеме беруге тиіс. Қолма-қол ақшаның кем шығуын кассир сол күні өтеуге тиіс. Жетіспеген қолма-қол ақша сомасын өтеу мүмкін болмаған жағдайда кем шыққан соманы өтеудің мерзімі мен тәртібі банктің ішкі активтерінде реттеледі.

Шығыс операцияларын касса меңгерушісі орындайтын банктерде бір күнгі касса айналымы және құндылықтар қалдығы туралы есептік анықтама жасалмайды, шығыс жөніндегі барлық айналымдар бір күнгі касса айналымы туралы жиынтық анықтамаға енгізіледі (Қағидаларға 11-қосымша).

Кіріс және шығыс операцияларын бір кассир орындағанда, бір күнгі касса айналымы және құндылықтар қалдығы туралы есептік анықтама жасалады (Қағидаларға 5-қосымша).»;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Кассир қалыптастырылған қолма-қол ақшаның қалдығын және бір күнгі кассалық шығыс құжаттарын есептік анықтамамен бірге қабылданған және берілген ақшаны (құндылықтарды) есепке алу кітабына қол қойғызып (Қағидаларға 6-қосымша), касса меңгерушісіне өткізеді, ол есептік анықтаманы тексергеннен кейін оған қол қойып, сол күнгі құжаттарға тігуге жібереді.

Кассирлерде жұмыс күнінің аяғында қалып қалған, басқа кассир жинастырған банкноттардың жекелеген түбіртектері касса меңгерушісіне берілгенге дейін бір-бірлеп саналуға және оралуға тиіс.

Жалақыны немесе банк аппаратын ұстауға байланысты басқа төлемдерді төлеген кезде жұмыс күнінің аяғында банк қызметкерлеріне жалақы төлеу үшін алынған, жалақыны беруге арналған төлем ведомосын және аванстың қалдығын кассир қапшыққа салады, қапшықтың аузы жапсырмамен бірге тігіледі және шапагатпен түйінсіз және үзіксіз мықтап байланады. Жапсырмада оралған күні, салынған сомасы көрсетіледі және кассирдің коды немесе оның аты жазылған мөртабаны және қолы қойылады. Шапагаттың шеті шешілмейтіндей болып түйіледі және оған кассир пломба салады. Кассир аталған қапшықты қабылданған және берілген ақшаны (құндылықтарды) есепке алу кітабына (Қағидаларға 6-қосымша) қол қойғызып, баланстан тыс кіріс ордерін ресімдей отырып, келесі жұмыс күнінің таңертеңіне дейін сақтау үшін касса меңгерушісіне береді.»;

4-1-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-параграф. Банктердің өз клиенттеріне Ұлттық Банк филиалының орауындағы қолма-қол ақшаны беру ерекшеліктері»;

36-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36-1. Ұлттық Банк филиалының кассасынан алынған қолма-қол ақшаны өз клиенттеріне беру үшін банк банктің осы үшін арнайы жабдықталған үй-жайында кассирдің қолма-қол ақша беруін көзбен көріп бақылауды жүзеге асыру және клиенттердің қолма-қол ақшаны қайта есептеуін көзбен көріп бақылауды жүзеге асыру үшін касса қызметкерлерінің ішінен (ерекше жағдайларда Қағидаларды білуіне алдын ала сынақ тапсырған экономистердің ішінен) касса бақылаушысын (бақылаушыларын) тағайындау туралы бұйрық шығарады.»;

36-2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«36-2. Кассир Қағидаларда белгіленген тәртіппен Ұлттық Банк филиалы ораған қолма-қол ақшаны банк клиенттеріне беру үшін касса меңгерушісінен алып, алынған қолма-қол ақшаны клиенттерге банкноттарды толық және толық емес бумалармен немесе монеталарды қапшықтармен береді.»;

36-7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«36-7. Қағидалардың 36-6 тармағында көзделген жағдайларда кассирдің клиентке қолма-қол ақшаны беруі (клиент кассирден қолма-қол ақшаны алған кезден бастап банктің осыған арналған үй-жайында бір-бірлеп қайта санағанға дейін) банктің касса бақылаушысының қадағалауымен жүзеге асырылады.»;

36-8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«36-8. Берілетін банкноттар бумаларындағы немесе монеталар салынған қапшықтардағы ақшаның кем немесе артық шығуы анықталған кезде банк кассирі, касса бақылаушысы және клиенті қол қоятын акт бес дана етіп жасалады (Қағидаларға 7-қосымша). Үш данасы Ұлттық Банктің филиалына жіберіледі, ал екі данасы банкте қалады.»;

36-10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36-10. Банк осы параграфтың талаптарын сақтамаған жағдайда Ұлттық Банк банктің банкноттардың немесе монеталардың жетіспеуі туралы өтінішін қанағаттандырмайды.»;

5-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-параграф. Қолма-қол ақшаны алдын ала дайындау»;

38-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«38. Клиенттерге беру үшін қолма-қол ақшаны алдын ала дайындау міндеті жүктелген кассир қабылданған және берілген ақшаны (құндылықтарды) есепке алу кітабына қолын қойып, шығыс операцияларын жүзеге асыруға арналған қажетті ақша сомасын касса меңгерушісінен алады. Кассир алған ақшаны қабылданған және берілген ақшаны (құндылықтарды) есепке алу кітабына жазып қояды (Қағидаларға 6-қосымша). Өзі қабылдап алған чектердің, шығыс ордерлері мен құжаттардың дұрыс ресімделуін тексереді, әрбір құжат бойынша қолма-қол ақшаны (толық және толық емес бумаларды, банкноттардың түбіртектерін, монета салынған қапшықтарды (пакеттер мен тубиктерді) бөлек дайындайды және ақшаны қапшыққа (қоржынға) салады. Қапшықтың аузы тігіледі және шпагатпен түйінсіз және үзіксіз мықтап байланады, қапшыққа жапсырма жапсырылады және пломба салынады.»;

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«42. Қолма-қол ақша салынған қапшықтарды (қоржындарды) шығыс кассасының кассирі клиенттерге осы Қағидалардың 30 және 31-тармақтарына сәйкес берген кезде берілетін қапшықтардың (қоржындардың) пломбалары кесіліп алынбайды.

Бөлімшелер мен клиенттер пломба салынған қоржындарды чек бойынша касса құжаттары мен кітаптарына қол қойғызып инкассаторлар арқылы береді.»;

6-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-параграф. Кешкі кассада операциялар жүргізу»;

48-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Кешкі кассаның кассирі санаған, жинақтаған және тиісінше бумалар мен қапшыққа ораған банкноттар мен монеталар, кіріс касса құжаттары, касса журналы және мөр кешкі кассаның операциялары аяқталғаннан кейін сейфте сақталады. Сейфті кассир мен тексеруші жабады және ол қойма бөлмелерін, отқа жанбайтын сейфтер мен басқа да ақша қоймаларын ашуға, жабуға және мөр қойып жабуға рұқсат

берілген адамдардың күзетуіне және қоймаларды, жанбайтын сейфтер мен басқа да ақша қоймаларын ашуға, жабуға және мөр басып жабуға рұқсат берілген адамдардың баықлау журналына (Қағидаларға 29-қосымша) қолхатпен тапсырылады.»;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Іс жүзінде қабылданған қолма-қол ақша сомасы касса журналы мен кіріс құжаттарының деректеріне сәйкес келмеген жағдайда, касса меңгерушісі себептерін анықтайды және бұл туралы акт (Қағидаларға 7-қосымша) жасайды.»;

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«50. Жинаушы инкассатор бақылаушыға сенімхатын, түскен ақша салынған қоржындардың (қапшықтардың) жүк құжаттарын (Қағидаларға 12-қосымша), валюталық және басқа құндылықтар салынған қоржындарды өткізген кезде валюталық және басқа құндылықтар салынған қоржынның ведомосын (Қағидаларға 17-қосымша) және кассаға өткізілетін қоржындарға (қапшықтарға) берілген келу карточкаларын (Қағидаларға 13-қосымша) көрсетеді.»;

51-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«51. Бақылаушы жүк құжаттарындағы (жолдама ведомостарындағы) және келу карточкаларындағы жазулардың сәйкес келуін тексереді, инкассаторлардан қабылдануы тиіс қолма-қол ақша салынған қоржындарды (қапшықтарды) және бос қоржындарды есепке алу журналының (Қағидаларға 14-қосымша) екі данасына да көшірме арқылы тіркейді және тіркелуіне қарай жүк құжаттарын (жолдама ведомостарын) кассирге береді.»;

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«52. Осыдан кейін бақылаушы кассаға өткізілетін қоржындар санының инкассаторларға берілген қоржындар (қапшықтар) анықтамасының, келу карточкаларының (Қағидаларға 15-қосымша) мәліметтеріне сәйкес келуін тексереді, содан кейін келу карточкаларын инкассаторларға қайтарады.»;

53-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қабылданатын ақша түсімінің жалпы сомасының ақша салынған қоржындарды (қапшықтарды) және бос қоржындарды есепке алу журналындағы (Қағидаларға 14-қосымша) жазбаларға және жүк құжаттары (жолдама ведомостары) бойынша саналған жалпы жарияланған сомаға сәйкес болуын тексереді.»;

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«55. Кассир мен бақылаушы инкассаторлардан қабылдап алынған қоржындардың санын есептейді, оларды құндылықтар салынған қоржындарды (қапшықтарды) және бос қоржындарды есепке алу журналында көрсетілген санмен салыстырып тексереді және сейфке салып қояды. Қоржындарды қабылдауға негіз болған құжаттар қолма-қол ақшамен және басқа құндылықтармен бірге сақталады. Сейф екі кілтпен жабылады, бірі кассирде, екіншісі бақылаушыда болады, олар сейфті мөрлерімен мөрлеп жабады. Содан кейін сейф Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген тәртіппен күзетке өткізіледі.

Барлық маршруттар бойынша қабылданған, қолма-қол ақша салынған қоржындардың (қапшықтардың) және бос қоржындардың жалпы саны жөнінде кешкі касса қабылдаған қолма-қол ақша салынған қоржындар (қапшықтар) және бос қоржындар туралы анықтама (Қағидаларға 16-қосымша) жасалады, ол қолма-қол ақша салынған қоржындарды (қапшықтарды) және бос қоржындарды есепке алу журналдардың (Қағидаларға 14-қосымша) бірінші даналарымен бірге жеке папкада сақталады.»;

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«56. Маршруттан әкелінген қолма-қол ақша салынған қоржындар (қапшықтар) кешкі касса жабылғаннан кейін, қоржындарды (қапшықтарды) әкеліп берген инкассаторлардың жауапкершілігінде арнайы бөлінген сейфтерде сақталады.»;

58-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«58. Банктің бұйрығы бойынша басшы құндылықтар салынған қоржындарды қабылдау міндетін бір касса қызметкеріне жүктей алады. Бұл жағдайда кассир өз міндеттеріне қоса Қағидалардың 52, 53, 55-тармақтарында баяндалған талаптарды орындайды.»;

59-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сейф күзетке өткізіледі. Күзет шартында кешкі кассаның қызметкерлері күзетке кешке өткізген

сейфті күзеттен таңертең құндылықтардың сақталуына жауап беретін, Қағидалардың 48-тармағында баяндалған тәртіппен қолма-қол ақшаны қабылдап алуды жүзеге асыратын жауапты адамдар қабылдап алады деп ескертілген.»;

7-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6-параграф. Қайта санау кассасының жұмыс істеуі»;

61-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«61. Қайта санау кассасының бақылаушы-кассирі кешкі кассаның кассирінен және бақылаушысынан қолма-қол ақша салынған қоржындарды және олардың жүк құжаттарын кешкі касса қолма-қол ақшасы салынған қоржындар (қапшықтар) және бос қоржындар туралы анықтамаға (Қағидаларға 16-қосымша) қол қойып, қолма-қол ақша салынған қоржындарды (қапшықтарды) және бос қоржындарды немесе қапшықтардың жүк құжаттарын (Қағидаларға 14-қосымша) есепке алу журналы бойынша қабылдап алады.»;

62-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«62. Бақылаушы-кассир жұмыс күні бойы қайта санау үшін қабылданған қолма-қол ақша салынған қоржындарды металл шкафта сақтайды. Бақылаушы-кассир қайта санау кассасының әрбір кассиріне қайта санау үшін бір-бір қоржыннан береді, берерде оның нөмірін қолма-қол ақшаны қайта санау жөніндегі бақылау ведомосына (Қағидаларға 18-қосымша) жазып қояды.»;

63-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұлттық және шетел валютасының төлемге жарамсыз және күмәнді банкноттары мен монеталары актізімдемеде (Қағидаларға 3-қосымша) тіркеледі, онда клиенттің атауы, валютаның атауы, банкноттардың (монеталардың) құны, олардың нөмірі мен сериясы, жалпы сомасы, өзіне тән төлемге жарамсыздық белгілері көрсетіледі және касса бөлімшесінің басшысына беріледі. Ұлттық валютаның алынған төлемге жарамсыз және күмәнді ақша белгілері Ұлттық Банк филиалына сараптамаға жіберіледі. Төлемге жарамдылығы күмән тудыратын шетел валютасындағы ақша белгілерімен және төлем құжаттарымен жұмыс Қағидалардың 221-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.»;

65-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Толық бума жасауға келмейтін банкноттар мен металл ақшаларды, түбіртектер және қаптарды кассирлер контролердің нұсқауы бойынша тексеру парақтарына қол қойғызып, арнайы бөлінген кассирге береді, ол оларды өңдейді және қалыптастырады.»;

8-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-параграф. Операция кассасының операциялық күнді аяқтауы»;

68-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«68. Касса айналымын касса журналымен салыстырып тексергеннен кейін, кассирлер өздеріндегі қолма-қол ақшаның қалыпталған қалдықтарын анықтамалармен және касса құжатымен бірге касса меңгерушісіне береді.»;

үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Кейіннен касса меңгерушісі операция кассасы кассирлерінің есептік анықтамалары және қабылданған қолма-қол ақша сомасы туралы журналдардағы қайта санау кассасы мен кешкі кассаның жазбалары негізінде, сондай-ақ ақшасын өзі жеке қабылдап алған немесе өзіне берілген құжаттар бойынша бір күнгі касса айналымы туралы жиынтық анықтама (Қағидаларға 11-қосымша) жасайды және оның қорытындысын бухгалтерлік есептің мәліметтерімен салыстырып тексереді. Бухгалтерия қызметкері бір күнгі касса айналымы туралы жиынтық анықтамаға қол қойып, салыстырып тексеруді куәландырады, жиынтық анықтама кассирлердің бір күнгі касса айналымы және құндылықтың қалдықтары туралы есептік анықтамаларымен бірге (Қағидаларға 5-қосымша) сол күнгі касса құжаттарында сақталады.

Бір күнгі касса айналымдарын салыстырып тексергеннен кейін, касса меңгерушісі операциялық кассаның қолма-қол ақшасын және басқа құндылықтарды есепке алу кітабына ақшаның кірісі мен шығысының жалпы сомасын жазады және соған кассаның қалдығын, сондай-ақ келесі күннің басындағы

басқа құндылықтардың қалдығын шығарады (Қағидаларға 10, 37, 38-қосымшалар), олар құндылықтарды сақтауға жауап беретін лауазымды адамдардың қолымен куәландырылады.»;

69-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«69. Кассада қалған қолма-қол ақшаның қалдығы мен бухгалтерлік есептің мәліметтерінің арасында айырмашылық болған жағдайда, касса меңгерушісі бұл туралы тез арада айырмашылықтың себебін анықтау шараларын қолдану үшін банк басшысына, бас бухгалтерге және касса бөлімшесінің бастығына хабарлайды. Артық немесе кем шыққандығы расталса, акт (Қағидаларға 7-қосымша) жасалады.»;

9-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-параграф. Касса құжаттарын ресімдеу»;

76-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Касса құжаттары салынған папкаға банктің кіріс және шығыс құжаттары тігіледі. Касса құжаттары салынған папканың титулдық беті Қағидаларға 19-қосымшаның деректемелеріне сәйкес ресімделеді.»;

77-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Жұмыс көлемі шағын болғанда касса құжаттарын бірнеше жұмыс күні ішінде, бірақ бір күнтізбелік айдан аспайтын мерзімде брошюралауға рұқсат беріледі, сонда әрбір жұмыс күнінің құжатына титулдық бет (Қағидаларға 19-қосымша) жабыстырылады.

Брошюрананған немесе брошюрананбаған касса құжаттары күндер бойынша жиналуға және олар толық қалыптасқанша папкада болуға және қоймадағы касса меңгерушісінің жауапкершілігінде немесе жеке жанбайтын сейфте (металл шкафта) банктің ішкі ережелермен бекітілген, бірақ бір күнтізбелік жылдан кем емес мерзім ішінде сақталуға тиіс, содан кейін олар архивке сақтауға тапсырылады.»;

10-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9-параграф. Қолма-қол ақшамен жұмысты ұйымдастыру»;

11-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«10-параграф. Қолма-қол ақшаны жинақтау және орау»;

82-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«82. Барлық банктерде қолма-қол ақшаны өндеудің, қалыптастырудың және ораудың осы Қағидаларда белгіленген бірыңғай тәртібі қолданылады.»;

83-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«83. Кассирлер өздері кассаға қабылдап алған қолма-қол ақшаны құнына қарай, ал содан кейін айналымға жарамды және тозығы жеткен деп сұрыптайды. Тозығы жеткен банкноттар қатарына жатқызылған банкноттар айналымға жіберілмейді және Ұлттық Банктің филиалына өткізілуге тиіс.»;

84-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қолма-қол ақшаны вакуумдық орағыштардың көмегімен 1000 (мың) парақтан полиэтилен пакеттерге орау кезінде банкноттар 100 (жүз) түптен түбіртекке жинақталады. Үстіңгі стандартты жапсырмаға жоғарыда көрсетілген барлық деректемелер қойылады. Қосылған тігісіне клишенің көмегімен банктің сәйкестендіру коды және қолма-қол ақшаны жинақтаған және ораған кассирдің жеке коды қойылады.»;

85-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тексеру үшін қайта санауға ұшыраған қолма-қол ақша Қағидалардың

85-тармағына сәйкес оралады, бұл ретте бандерольдерге және жоғарғы жапсырмаларға қосымша «тексеру үшін қайта санау» мөртабаны қойылады.»;

12-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«11-параграф. Касса қызметкерлерінің құндылықтарды бір-біріне беруі»;

87-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«87. Касса меңгерушісі жұмыс күні басталмас бұрын қабылданған және берілген (құндылықтарды) есепке алу кітабына қол қойғызып, кассирлерге қолма-қол ақша береді және жауапты орындаушылардың есебіне берілген қатаң есептегі бланкілерді есепке алу кітабында (Қағидаларға 20-қосымша) қол қойғыза отырып, бір күнгі бойы операциялар жасау үшін қажетті қатаң есептегі бланкілерді береді.»;

89-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«89. Толық және толық емес бумаларды, сондай-ақ банкноттардың толық емес түбіршектерінен тұратын бумаларды касса меңгерушісі бір-бірлеп қайта санамай, түбіршектер бойынша тексеріп, жапсырмадағы белгілеріне қарай қабылдап алады, ал толық және толық емес қапшықтарды (қалташаларды, тубиктерді) олардың ораулары осы тараудың 10-параграфының талаптарына сәйкес келген жағдайда жапсырмадағы белгілері бойынша қабылдап алады.»;

3-бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Автоматтандырылған жүйелерді қолдана отырып клиенттерге касса арқылы қызмет көрсету»;

13-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-параграф. Банк кассаларының клиенттерге қызмет көрсетуі»;

90-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«90. Банктерге салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, жеке тұлғалардан заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің пайдасына сатылған тауар, көрсетілген қызмет, орындалған жұмыстар үшін төлемдерді, сондай-ақ жеке тұлғалардың банктік шоттарына кейіннен есептеу үшін төлемдерді төлеу есебіне клиенттерден ұлттық валютадағы қолма-қол ақшаны қабылдауға жол беріледі.»;

105-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«105. Кейіннен алушы заңды тұлғаның банктік есепшотына есептеу үшін клиенттен қабылданған соманы клиенттің банктен талап етіп алуына жол берілмейді. Жоғарыда көрсетілген соманы қайтаруды алушы заңды тұлға жүзеге асырады.»;

14-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-параграф. Төлем карточкаларын қолдана отырып арқылы кіріс-шығыс операцияларын орындау»;

15-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-параграф. Банкоматтармен жұмыс істеу және ұйымдастыру»;

121-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктер банкоматтарға қолма-қол ақша салу немесе инкассациялау бойынша Қағидалардың талаптарын сақтауға мүмкіндік бермейтін бағдарламалық қамтамасыз ету мен технологияларды пайдаланған жағдайда, аталған операцияларды жүргізу тәртібі банктің ішкі қағидаларымен бекітіледі.»;

123-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Банкоматтармен жүргізілетін операцияларды есепке алу үшін банкоматтарды толтыру және босату операциялары есебінің кітабы (Қағидаларға 22-қосымша) жүргізіледі. Бұл кітапты жүргізу жөніндегі жауапкершілік касса меңгерушісіне немесе банк басшысының бұйрығымен арнайы тағайындалған лауазымды тұлғаға жүктеледі. Ол нөмірленген, тігіліп, банк басшысы мен бас бухгалтердің қолы қойылған және банктің (банк филиалының) мөрімен куәландырылған болуы керек.»;

124 және 125-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«124. Касса меңгерушісіне немесе банк басшысының бұйрығымен арнайы тағайындалған лауазымды тұлғаға сейф кілттерінің бір жиынтығы және банкноттарды басқару модулінің кілттері бекітіліп беріледі. Сейф кілттері және банкноттарды басқару модулінің кілттері, қызметкерлердің банкоматты пайдалануға рұқсат карточкалары, сондай-ақ банкоматтарды толтыру және босату операциялары есебінің кітабы касса меңгерушісінің сейфінде сақталады.

Банкомат кілттерінің түпнұсқалары және телнұсқалары осы Қағидалар талаптарына сәйкес банк қауіпсіздігі қызметінде немесе қоймада сақталады. Құлыптың құпия кодын ауыстыруға мүмкіндік беретін кілт істен шыққанда банк қауіпсіздігі қызметіне (банкомат құлпының құпия кодын ауыстыруға жауапты қызметкерге) беріледі.

Кілттер осы Қағидалардың талаптарына сәйкес тіркелуі тиіс. Қызметкерлер арасында бір-біріне кілт беру тәртібі банк басшысының жазбаша нұсқауымен белгіленеді.

125. Банкоматты қолма-қол ақшамен толықтыру оған деген сұранысқа байланысты жүргізіледі.

Кассеталарды толтыру үшін арнайы тағаныдалған кассир банкомат үшін белгіленген лимит шегіндегі қолма-қол ақшаның қажетті сомасын осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен касса меңгерушісінен сұратады. Кассеталарға ақша салу, сондай-ақ оларды кассеттен алу касса үй-жайында жүргізіледі. Қабылданған ақша сомасын кассир купюр бойынша қайта санап шығады, оны кассеталарға салады, кассеталарды кілтпен жабады және пломба салады.

Кассетаға банктің атауы, банкомат номерлері, купюрлердің номиналы және саны, салынған ақшаның сомасы, күні, кассирдің қолы және жеке мөртабаны көрсетілген жапсырма жапсырылады. Кассеталарды толтырғаннан кейін кассир банкоматтың тұрған жерін, банкоматтан алынуға және банк кассасына жеткізілуге тиісті кассеталар нөмірін, банкоматқа қойылуға тиісті кассеталарын нөмірлерін көрсете отырып инкассаторға жүру бағыты парағын (Қағидаларға 23-қосымша) ресімдейді және оның жұмысын іске қосуға қажетті ақпарат ұсынады. Инкассаторларға келесі күні беру үшін алдын ала дайындалған, қолма-қол ақша салынған кассеталар қоймада қолма-қол ақшадан бөлек сақталуы тиіс.»;

128-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Байқалған алшақтық дерегі бойынша қызметтік зерттеу жүргізіледі. Оның құрамында қосымша банкоматқа қызмет көрсететін техникалық қызметкер, банкомат кассетін ауыстырған инкассатор болады және алшақтық себептері анықталады. Қызметтік зерттеу нәтижелері бойынша қолма-қол ақша жетіспейтіндігі расталған кезде кінәлі адамдар жетіспейтін соманың орнын толтырады.»;

129-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«129. Мезгіл-мезгіл, айына кем дегенде бір рет, банкоматқа ақша толтырылып тұрады. Инкассатор алынған кассеталармен бірге банкоматтың баспа қондырғысынан (банкоматтың операциялар журналы) алынған қағаз таспаны кассаға жеткізеді. Алынған кассеталардағы қолма-қол ақша сомасының қалдығын банкомат пшотындағы сома қалдығымен салыстырады және қолма-қол ақша қалдығын Қағидалардың 128-тармағында көрсетілген тәртіппен кассаға салады. Ақша қалдықтары арасында алшақтық байқалған жағдайда тиісті акт жасалып, оған касса меңгерушісі, кассир және техникалық қызметкер қол қояды, бұл ретте банкоматтарды басқару жүйесі берген мәліметтер және банкомат операциялары журналынан алынған мәліметтер пайдаланылады, қалдықтардың сәйкес келмеу себептері анықталады.»;

15-1-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-параграф. Автоматтандырылған кассамен жұмыс және ұйымдастыру»;

132-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«132-1. Банктер және ұлттық почта операторы кассалық операцияларды осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүргізген кезде автоматтандырылған касса қолданылуы мүмкін.»;

132-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«132-2. Автоматтандырылған кассамен жұмыс істеу, қолма-қол ақшаны толықтыру және инкассациялау, техникалық қызмет көрсету осы тараудың

3-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

Кассалық операцияларды автоматтандырудың ішкі банктік жүйелерінде автоматтандырылған кассаны қолданған кезде кассалық операцияларды Қағидаларда көзделмеген ұйымдастыру тәртібі банктің ішкі ережесімен анықталады.»;

5-бөлім алып тасталсын;

6-бөлімдеде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Валюталық құндылықтармен жұмыс жүргізу ерекшеліктері»;

22-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-параграф. Банк кассаларының валюталық құндылықтарды қабылдауы (беруі)»;

186-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«186. Банктер осы параграфтың талаптарын сақтауға мүмкіндік бермейтін бағдарламалық қамтамасыз ету мен технологияларды пайдаланған кезде банк кассаларының валюталық құндылықтарды қабылдау және өткізу жөніндегі операцияларды жасау тәртібі банктің ішкі актілерімен бекітіледі.»;

188-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«188. Операцияларды жүзеге асыру үшін касса меңгерушісі кассирлерге қабылданған және берілген құндылықтар есебін жүргізу кітабына (Қағидаларға 33-қосымша) қол қойғыза отырып қоймадан валюталық құндылықтарды береді. Мұндайда чемодандар (инкассатор қоржындары, қапшықтар және тағы басқалар) орын саны бойынша беріледі.»;

192-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«192. Кассирлер арасында валюталық құндылықтарды беру қабылданған және берілген құндылықтардың есебін жүргізу кітабы бойынша (Қағидаларға 32-қосымша) немесе қабылданған және берілген құндылықтардың бақылау парақтары (Қағидаларға 34-қосымша) бойынша жүзеге асыруға болады.»;

193 және 194-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«193. Кассир жұмыс күні аяқталған соң касса құжаттары бойынша құндылықтардың әрбір атауы бойынша кіріс (шығыс) сомасын есептейді, бір күн ішіндегі касса айналысы және қалған құндылықтар туралы есеп беру анықтамасын толтырады (Қағидаларға 5-қосымша), анықтамада көрсетілген қалған құндылықтарды нақты бар құндылықтармен алдын ала салыстырып тексергеннен кейін оған қол қояды.

Дәл осындай есептік анықтаманы жұмыс күні ұзартылған кассалардың кассирлері де жасайтын болады.

194. Кассир жұмыс күні ішінде қабылданған валюталық құндылықтарды жинақтап, Қағидалардың 84, 85, 206-тармақтарында айтылған тәртіппен жинақтап, орайды және есептік анықтаманы, кіріс (шығыс) құжаттарымен бірге касса меңгерушісіне (арнайы бөлінген кассирге) өткізеді.»;

195-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Касса меңгерушісіне құндылықтарды Қағидалардың 211-тармағында көзделген тәртіппен жинақталған түрде чемоданмен (арбамен, инкассатор қоржындарымен немесе қапшықтармен) өткізген кезде есептік анықтама екі дана етіп жасалады, оның біреуі өткізілетін құндылықтарға жапсырма ретінде пайдаланылады.»;

196-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«196. Кіріс және шығыс операцияларын касса меңгерушісі орындайтын банктерде есеп беру анықтамасы жасалмайды, ал касса айналымы бір күн ішіндегі касса айналымы туралы жиынтық есепке (Қағидаларға 11-қосымша) енгізіледі.»;

23-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-параграф. Қайта санау кассасының валюталық құндылықтар салынған инкассатор қоржындарын қайта санау»;

198-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«198. Бақылаушы қайта санау үшін кассирге бір қоржыннан (жөнелтімнен) ғана беретін болады, қабылданған және берілген құндылықтардың өзінің бақылау парағына (Қағидаларға 34-қосымша) берілген қоржынның нөмірін және кассирдің аты-жөнін алдын ала жазып алады. Кассир қоржынды алғаннан кейін оны өзінің бақылау парағына тіркейді.»;

199-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«199. Қоржындарды ашу және қайта санау Қағидалардың 2-тарауының 6-параграфында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

24-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-параграф. Қолма-қол шетел валютасын және шетел валютасындағы төлем құжаттарын өңдеу, калыптастыру және орау»;

210-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бір қапшыққа салынатын монетаның ең жоғары сомасын касса меңгерушісі анықтайды, бірақ ол салмағы жағынан алғанда 7 (жеті) килограмнан аспауға тиіс.»;

25-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:



«4-параграф. Валюталық құндылықтарды қабылдау»;

213-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Байланыс кәсіпорындарынан валюталық құндылықтар салынған жөнелтілімдерді алу үшін банк инкассаторға (кассирге) бір жолғы сенімхат береді. Корреспондент банктерден авиакомпания арқылы келген валюталық құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қапшықтарды) алу үшін инкассаторға сенімхат (Қағидаларға 31-қосымша) беріледі.»;

214-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«214. Орауы бөлінген немесе басқа да ақаулары бар валюталық құндылықтар салынған жөнелтілімдерді қабылдау Қағидалардың 57-тармағында көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

216-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«216. Құндылықтарды сақтауға жауапты адамдар валюталық құндылықтар салынған инкассатор қоржындарын Қағидалардың 54-тармағында көрсетілген тәртіппен қабылдайды, ал валюталық құндылықтар салынған қапшықтарды қабылдағанда олардың жапсырмаларының бар-жоғын және дұрыс ресімделуін, сондай-ақ жапсырмада көрсетілген соманың ілеспе құжаттардағы мәліметтермен сәйкестігін қосымша тексереді.»;

217-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«217. Кассирлер банктің айырбастау пункттерінен және клиенттерінен жұмыс күні ішінде валюталық құндылықтар салынған инкассатор қоржындарын қабылдаған жағдайда, қабылданған қолма-қол ақша салынған қоржындарды (қапшықтарды) және бос қоржындарды есепке алу журналын (Қағидаларға 14-қосымша) екі дана етіп толтырады, онда айырбастау пункттерінің қызметкерлері тікелей жеткізген валюталық құндылықтар салынған қабылданған қоржындар есепке алынады.»;

26-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-параграф. Түпнұсқалығына және төлемге жарамдылығына күмән туғызатын шетел валютасындағы қолма-қол ақшамен және төлем құжаттарымен жұмыс жүргізу»;

221-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«221. Төлем жасауға күмән туғызатын шетел валютасындағы банкноттар мен төлем құжаттары, сондай-ақ төлем жасалмайтын және айналымға жарамсыз шетел валютасындағы банкноттар клиенттерден инкассоға қабылдануы мүмкін. Мұндай жағдайда клиент өтініш толтырады (Қағидаларға 35-қосымша), онда валютаның (төлем құжатының) атауы, банкноттар мен төлем құжаттарының деректемелері, олардың құны, жалпы сомасы және төлем құжаттарын кім және қашан бергені көрсетіледі.»;

төртінші және бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

Корреспондент банктерден инкассоға қабылданған банкноттарды (төлем құжаттарын) алғаннан кейін банк клиентке хабарлама (Қағидаларға 36-қосымша) жібереді.

Клиенттерден инкассоға қабылданған банкноттар мен төлем құжаттары үшін өтелуге тиісті сома қолма-қол валютада не клиент ұсынған түбіртек негізінде клиенттің өтінішіне (Қағидаларға 36-қосымша) сәйкес клиенттің ұлттық немесе шетел валютасындағы банк шотына оны отырып төленеді. Егер клиент Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шағым-талап мерзімі өтіп кетуі бойынша өтелген соманы алмаса, онда өтеу сомасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес нотариалды кеңсенің депозитіне аударылады, ал осы құндылықтар жөніндегі барлық материалдар сол күні бақылаудан алынып, күн құжатына тігіледі.»;

27-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6-параграф. Операция кассасын қорытындылау»;

223 және 224-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«223. Касса меңгерушісі (арнайы бөлінген кассир) кассирлерден валюталық құндылықтары, есептік анықтамаларды және құжаттарды қабылдап, есептік анықтамалардағы қалдықтарды шығарудың дұрыстығын, бақылау парақтарының, қабылданған және берілген құндылықтардың есебін жүргізу кітабының дұрыс толтырылуын тексереді, бір күн ішіндегі касса айналымы жөнінде жиынтық анықтама

(Қағидаларға 11-қосымша) жасайды, оны бухгалтерлік есептегі мәліметтермен салыстырып тексереді, бұл ретте салыстырып тексеру нәтижелері қол қойылып ресімделеді.

Касса меңгерушісі бір күн ішіндегі касса айналымы туралы жиынтық анықтаманы жасағаннан кейін тиісті кітаптардағы валюталық құндылықтардың қалдығын шығарады (Қағидаларға 10, 37, 38-қосымшалар).

224. Операция кассасының мәліметтерінде анықталған нақты бар валюталық құндылықтардың және есептік құжаттардың арасында алшақтық болған жағдайда, касса меңгерушісі бұл жөнінде бөлімше кассасының басшысына мәлімдейді. Артық шығуы немесе кем шығуы расталған жағдайда акт жасалады (Қағидаларға 7-қосымша), бұл ретте касса меңгерушісі банк (филиал) басшысына түсініктеме береді.»;

225-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«225. Бір күнгі касса құжаттары Қағидалардың 2-тарауының 8-параграфында белгіленген тәртіппен қалыптастырылады. Жұмыс күні ұзартылған кассалардың және айырбастау пункттерінің касса құжаттары жеке қалыптастырылады.»;

28-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-параграф. Валюталық құндылықтарды сақтау»;

228-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«228. Жалпы қойманы ашу және жабу Қағидалардың 8-тарауында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

29-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-параграф. Валюталық құндылықтарға ревизия жүргізу»;

229-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«229. Кассалар мен бірінен біріне өтетін аванс қалдығы бар аванстарды дайындау кассалары қызметкерлері өз жауапкершілігіне алған, сондай-ақ айырбастау пункттеріндегі валюталық құндылықтарға ревизия жүргізу Қағидалардың 9-тарауында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

230-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«230. Айырбастау пункттеріне және банк кассаларында жүргізілген ревизия туралы акт (Қағидаларға 39-қосымша) жасалады.»;

30-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9-параграф. Валюталық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету»;

31-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«10-параграф. Валюталық құндылықтардың аванстарын дайындау және айырбастау пункттеріне жеткізу»;

232-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«232. Банктердің айырбастау пункттері мен кассалары аванс әзірлеу жөніндегі жұмысты демалыс және мереке күндері де кідіріссіз атқаруы үшін касса бөлімшесінің басшысы (арнайы бөлінген қызметкер) жұмыс күні қарсаңында шығыс ордерлері мен жолдама ведомостерін жасау үшін бухгалтерия қызметкерлеріне валюталық құндылықтар беруіне аванстық тапсырыс (Қағидаларға 40-қосымша) береді.»;

234-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«234. Авансты даярлау үшін кассирлер касса меңгерушісінен өздері дайындаған аванстар касса меңгерушісіне сол күні қайтарылған жағдайда қабылданған және берілген құндылықтарды есепке алу кітаптарында (Қағидаларға 32-қосымша) қол қоя отырып, қажетті құндылықтарды алады. Егер даярланған аванстар салынған қоржындар сол жұмыс күні касса меңгерушісіне қайтарылмай, арнайы бөлінген кассир оны банктің (филиалдың) жалпы қоймасындағы сейфте (бөлек сейфте) сақтаса немесе кешкі кассаға өткізсе, қолма-қол ақша кассирге шығыс ордеріне қол қойғыза отырып берілетін болады.»;

239-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Аванстар салынған қоржындарды қабылдағанда және қайта санаған кезде анықталған артық немесе

жетпеген ақша жолдама ведомосіне екі дана етіп актімен (Қағидаларға 17-қосымша) ресімделеді.»;

32-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«11-параграф. Айырбастау пункттеріндегі кассаның жұмысы»;

244-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«244. Қолма-қол шетел валютасын және шетел валютасындағы төлем құжаттарын инкассоға қабылдау бойынша операциялар клиенттің өтініші (Қағидаларға 35-қосымша) негізінде оған түбіртек (Қағидаларға 41-қосымша) беру арқылы жүзеге асырылады.»;

245-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«245. Айырбастау пунктінің қызметкері жұмыс күні аяқталғаннан кейін касса айналымы және құндылықтар қалдығы туралы есептік анықтаманы (Қағидаларға 5-қосымша) жасайды, валюталық құндылықтарды есептейді, оларды касса аппаратының немесе компьютердің есеп жүргізу құжаттарының мәліметтерімен сәйкестігін салыстырып тексереді және құндылықтар салынған инкассатор қоржынының әрқайсысына үш дана етіп жолдама ведомостерін жасайды.»;

249-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«249. Инкассаторлар банкке валюталық құндылықтар салынған қоржындарды Қағидалардың 2-тарауының 5-параграфынада белгіленген тәртіппен береді.»;

8-бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Ақшаны және басқа құндылықтарды сақтау»;

41-тараудың тақырыбы алып тасталсын;

301-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«301. Құндылықтар қоймасында осы тараудың 300-тармағында көзделмеген құжаттар мен заттарды сақтауға жол берілмейді.»;

308-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кілттердің телнұсқалары бар пакет құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдар қол қойған ілеспе хатпен банктің жақын филиалдарының біріне немесе шарттық талаптармен басқа банкке сақтауға өткізіледі, ол туралы пакет өткізген банкке түбіртек (Қағидаларға 45-қосымша) беріледі. Ілеспе хатта кілттердің телнұсқалары бар пакет құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдар қол қойған және банктің мөрімен расталған банктің жазбаша талабы болғанда кері қайтып берілетіні көрсетіледі.»;

309-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«309. Құндылықтар қоймасын ашу алдында құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдар күзет өкілінің қатысуымен кіретін есіктің, құлыптардың, шпагаттың және мөр бедерлерінің тұтастығына және бұзылмағандығына көз жеткізуі, содан соң құндылықтар қоймасын күзеттен шығаруы, ол туралы қойманы, отқа төзімді сейфтерді және басқа ақша сақтау орындарын ашуға, жабуға және мөрлеуге рұқсат етілген адамдардың бақылау журналына (Қағидаларға 29-қосымша) қол қоюы тиіс. Содан соң шпагаттың бір орамын қырқып алып, мөр бедерлері бар тақтайшаны қойманы тексеру аяқталғанға дейін бүлінбейтіндей етіп кесіп алу керек. Қойманы қарау аяқталысымен сургуч мөрлердің бедерлері жойылуға тиіс.»;

319-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«319. Құндылықтар қоймасы кілттермен жабылады, содан соң күзет өкілінің көзінше құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдар мөрлейді. Мөрлердің бедерлерін қолда бар үлгілермен салыстырып тексергеннен кейін қоймаларды, отқа жанбайтын сейфтерді және басқа ақша сақтайтын орындарды ашуға, жабуға және мөр қоюға рұқсат берілген адамдардың бақылау журналына (Қағидаларға 29-қосымша) күзет өкілі қол қояды.»;

320-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«320. Құндылықтар қоймасының барлық мөрлері және кілттері, пломбирлер, клишелер және атаулы мөртабандар, сондай-ақ кассирлердің банктегі құндылықтарын сақтауға арналған жеке құралдарының кілттері нысанын банк белгілейтін, металл мөрлерді, мөртабандарды, клишелерді, пломбирлерді және

қойма мен жанбайтын шкафтардың кілттерін тіркеу журналына тіркеледі.

Құндылықтар қоймасының мөрлерін және кілттерін, пломбирлерін, клишелерін және атаулы мөртабандарын және кассирлердің құндылықтарды сақтау үшін жеке құралдарының кілттерін беру және өткізу нысанын банк белгілейтін, металл мөрлерді, мөртабандарды, клишелерді, пломбирлерді қойма мен отқа төзімді шкафтардың кілттерін беруді тіркеу журналында қолхат арқылы жүргізіледі.»;

9-бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Құндылықтарға ревизия жүргізу»;

42-тараудың тақырыбы алып тасталсын;

322-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«322. Ревизияларды жүргізуге дайындалған, құндылықтармен операцияларды орындауға байланысы жоқ, осы Қағидаларды және Ұлттық Банктің касса жұмысы бойынша басқа нормативтік құқықтық актілерін білуі жөнінде сынақ қабылданатын қызметкерлер қатыстырылады.»;

326-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бір уақытта бір жолы барлық құндылықтарға ревизия жүргізуге мүмкін болмаған жағдайларда, ревизия басшысы жұмыс күні аяқталған соң күзетуге өткізілетін құндылықтар қоймаларын және сейфтерді құндылықтардың сақталуына жауапты лауазымды адамдармен бірге мөр қояды. Ревизия басшысының мөрі ревизия жүргізілетін банктің лауазымды адамдарының мөрлерінің жоғары жағына қойылады.»;

330-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«330. Қолма-қол ақшаны және құндылықтарды парақтап және даналап санауға қоймадан беру және оларды тексеріп болғаннан кейін қабылдау қабылданған және берілген ақшаны (құндылықтарды) есепке алу кітабына (Қағидаларға 6-қосымша) кассирлердің қол қоюы арқылы жүзеге асырылады.»;

332-тармақтың төртінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ақшаның және құндылықтардың ревизия кезінде анықталған артық шығуы және кем шығуы, сондай-ақ Қағидалар талаптарының бұзылуы.»;

1-1-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктерде және банк операцияларының  
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын  
ұйымдарда касса операцияларын және банк  
ноттарды, монеталарды және құндылықтарды  
инкассациялау операцияларын  
жүргізу қағидаларына  
1-1-қосымша»;

1-2-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктерде және банк операцияларының  
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын  
ұйымдарда касса операцияларын және  
банкноттарды, монеталарды және  
құндылықтарды инкассациялау операцияларын  
жүргізу қағидаларына  
1-2-қосымша»;

2-1-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктерде және банк операцияларының  
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын  
ұйымдарда касса операцияларын және  
банкноттарды, монеталарды және  
құндылықтарды инкассациялау операцияларын  
жүргізу қағидаларына  
2-1-қосымша»;

3-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктерде және банк операцияларының  
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын  
ұйымдарда касса операцияларын және  
банкноттарды, монеталарды және  
құндылықтарды инкассациялау операцияларын  
жүргізу қағидаларына  
3-қосымша»;

4-қосымша алып тасталсын;

5-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктерде және банк операцияларының  
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын  
ұйымдарда касса операцияларын және  
банкноттарды, монеталарды және  
құндылықтарды инкассациялау операцияларын  
жүргізу қағидаларына  
5-қосымша»;

6-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктерде және банк операцияларының  
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын  
ұйымдарда касса операцияларын және  
банкноттарды, монеталарды және  
құндылықтарды инкассациялау операцияларын  
жүргізу қағидаларына  
6-қосымша»;

7-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктерде және банк операцияларының  
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын  
ұйымдарда касса операцияларын және  
банкноттарды, монеталарды және  
құндылықтарды инкассациялау операцияларын  
жүргізу қағидаларына  
7-қосымша»;

8-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктерде және банк операцияларының  
983-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салынатын айыппұлдар сомасын төлеу кезінде қойылады.

984-код төлеу үшін келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеушіге ұсынылған салық сомасын және бюджетке төленетін басқа да

міндетті төлемдерді (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоспағанда) аударған кезде қойылады. Салықтық тексеру нәтижелері бойынша есептелген салық сомалары туралы хабарлама төлеу үшін негіздеме болып табылады.

985-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші салықтық тексерулер нәтижелері бойынша есептелген өсімпұл сомаларын төлеу кезінде қойылады.

986-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші салықтық тексерулер нәтижелері бойынша салынатын айыппұлдар сомаларын төлеу кезінде қойылады.

987-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеушінің бекітілген кестесіне сәйкес өзгертілген (ұзартылған) төлеу мерзімімен бюджетке салықтар сомаларын төлеген кезде қойылады.

988-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші салықтарды төлеу мерзімдерін ұзартқанға дейін есептелген өсімпұл сомаларын төлеген кезде қойылады.

989-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер салықтарды төлеу мерзімі ұзартылғанға дейін салынған айыппұлдар сомаларын төлеу кезінде қойылады.

991-код жеке тұлғалар - азаматтар салықтар сомаларын, бюджетке басқа да міндетті және өзге де төлемдерді (өсімпұлдар мен айыппұлдар сомасын қоспағанда) аудару кезінде қойылады.

992-код жеке тұлғалар - азаматтар бюджетке міндеттемелерді уақтылы өтемегені үшін есептелген өсімпұл сомаларын төлеу кезінде қойылады.

993-код жеке тұлғалар - азаматтар 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес есептелген әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынатын айыппұлдар сомаларын төлеу кезінде қойылады.

994-код жеке тұлғалар - азаматтар өткен жылдары толық төленбеген салықтарды өтеу кезінде қойылады.

995-код әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салық органдары салған, 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес есептелген айыппұлдар сомаларын төлеу кезінде қойылады.

996-код тауарлар импорты кезінде төленген қосылған құн салығын қайтару кезінде қойылады.

997-код резидент еместен жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алу кезінде төленген қосылған құн салығын қайтару кезінде қойылады.

998-код пайдалануға енгізілетін негізгі құрал-жабдықтар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, сатып алынған биологиялық активтер бойынша қосылған құн салығын қайтару кезінде қойылады.»;

3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Электрондық терминалдар мен қашықтан  
кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану  
арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары  
бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне  
1-қосымша

№ 1 нысан»;

2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне  
2-қосымша

№ 2 нысан»;

3-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне  
3-қосымша

№ 3 нысан»;

4-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне  
4-қосымша

№ 4 нысан»;

5-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне  
5-қосымша

№ 5 нысан»;

6-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне  
6-қосымша

№ 6 нысан»;

осы қаулының 1, 2, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес тиісінше 7, 8, 9 және 10-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы ресми жариялануы тиіс және 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылғы 3 қазанда № 7959 тіркелген.*

Электрондық терминалдар мен қашықтан  
 кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану  
 арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары  
 бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне  
 7-қосымша

№ 7 нысан

Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және  
 электрондық ақша иелерінің саны туралы мәліметтер

\_\_\_\_\_ Банктің ағауы  
 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ айы

Электрондық ақша жүйесінің ағауы	Электрондық ақша эмитенті агенттерінің саны		Электрондық ақша иелері – жеке тұлғалардың саны			Электрондық ақшаны ақы төлеуге қабылдайтын дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың саны	
	Барлығы	Активті	Барлығы	Активті	Сәйкестендір ілген	Барлығы	Активті
1	2	3	4	5	6	7	8

Басшы \_\_\_\_\_  
 (Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)

Орындаушы \_\_\_\_\_  
 (Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_ телефоны

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

### **Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер**

1. 1-бағанда Мәліметтер ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі.
2. 2-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақша эмитенті агенттерінің саны көрсетіледі.
3. 3-бағанда есепті тоқсан ішінде электрондық ақшаны иемденуді немесе өткізуді жүзеге асырған электрондық ақша эмитенті агенттерінің саны көрсетіледі.
4. 4-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақша иелері – жеке тұлғалардың саны көрсетіледі.
5. 5-бағанда есепті тоқсан ішінде электрондық ақшамен операциялар жүргізген электрондық ақша иелері – жеке тұлғалардың саны көрсетіледі.
6. 6-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақша эмитенті сәйкестендірген электрондық ақша иелері – жеке тұлғалардың саны көрсетіледі.
7. 7-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақшаны төлем жасауға қабылдайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың саны көрсетіледі.
8. 8-бағанда есепті тоқсанда электрондық ақшамен операциялар жүргізген электрондық ақшаны төлем жасауға қабылдайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың саны көрсетіледі.
9. 7 және 8 бағандарда электрондық ақшаны төлем жасауға қабылдайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар ретінде Мәліметтерді берген эмитентпен немесе тиісті электрондық ақша жүйесінің өзге қатысушысымен шарт жасаған дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар түсініледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2012 жылғы 24 тамыздағы  
№ 268 қаулысына  
2-қосымша

Электрондық терминалдар мен қашықтан  
кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану  
арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары  
бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне  
8-қосымша

№ 8 нысан  
Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында  
трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру  
қағидалары

Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялардың  
саны мен көлемі туралы мәліметтер

\_\_\_\_\_

банктің атауы

20 \_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ үшін  
тоқсан

Электрондық ақша жүйесінің атауы	Операция жүргізу ортасы	Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялар			
		Жеке тұлғалардың пайдасына		Дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалардың пайдасына	
		Операциялар саны	Сомасы (теңге)	Операциялар саны	Сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6

Басшы \_\_\_\_\_  
(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса))

Орындаушы \_\_\_\_\_  
(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)) \_\_\_\_\_ телефоны

20 \_\_\_ жылғы « \_\_\_ » \_\_\_\_\_

### Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер

- 1-бағанда Мәліметтер ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі.
- 2-бағанда операция жүргізудің тиісті ортасы көрсетіледі:
  - 1) интернет-ресурс;
  - 2) мобильді телефон;
  - 3) электрондық терминалдар;
  - 4) өзге де.

3. 3 және 4-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақшаны пайдалана отырып жеке тұлғалардың пайдасына жеке тұлғалар жүргізген операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

4. 5 және 6-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақшаны пайдалана отырып дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың пайдасына жеке тұлғалар жүргізген операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

Электрондық терминалдар мен қашықтан  
кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану  
арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары  
бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне  
9-қосымша

№ 9 нысан

Айналыстағы электрондық ақшаның саны туралы және  
электрондық ақшаны шығару мен өтеу бойынша операциялардың  
саны және көлемі туралы мәліметтер

\_\_\_\_\_ банктің атауы  
20 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ үшін  
тоқсан

Электрондық ақша иелері	Электрондық ақша жүйесінің атауы	Айналыстағы электрондық ақшаның барлығы (теңге)	Электрондық ақшаны шығару		Электрондық ақшаны өтеу	
			Операциялар саны	Сомасы (теңге)	Операциялар саны	Сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6	7
Электрондық ақша эмитентінің агенттері						
Жеке тұлғалар						
Дара кәсіпкерлер және занды тұлғалар						

Басшы \_\_\_\_\_  
(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса))  
Орындаушы \_\_\_\_\_ телефоны  
(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса))  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_



## Мәліметтерді толтыру бойынша түсініктемелер

1. 2-бағанда Мәліметтер ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі.

2. 3-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне шығарылған электрондық ақша сомасы көрсетіледі.

3-баған электрондық ақша эмитентінің агенттері, жеке тұлғалар, есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақшаның иесі болып табылатынына байланысты дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бойынша толтырылады.

3. 4 және 5-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша шығарылымы бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

4 және 5-бағандар электрондық ақша эмитентінің агенттері және электрондық ақша берілгеніне байланысты жеке тұлғалар бойынша толтырылады.

4 және 5-бағандар дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бойынша толтырылмайды.

4. 6 және 7-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақшаны өтеу бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

6 және 7-бағандар электрондық ақша эмитентінің агенттері, жеке тұлғалар, электрондық ақшаның оларды өтеу кезінде иесі болып табылатынына байланысты дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бойынша толтырылады.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2012 жылғы 24 тамыздағы  
№ 268 қаулысына  
4-қосымша

Электрондық терминалдар мен қашықтан  
кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану  
арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары  
бойынша мәліметтерді ұсыну ережесіне  
10-қосымша

№ 10 нысан

Электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны иемдену және өткізу бойынша операциялардың саны мен көлемі  
туралы мәліметтер

\_\_\_\_\_ банктің атауы  
20 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ үшін  
тоқсан

Электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны өткізуі		Электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны иемденуі	
Операциялар саны	Сомасы (теңге)	Операциялар саны	Сомасы (теңге)
1	2	3	4

Басшы \_\_\_\_\_  
(Тегі, Аты, Өкесінің аты (бар болса))

Орындаушы \_\_\_\_\_ телефоны  
(Тегі, Аты, Өкесінің аты (бар болса))  
20 \_\_ жылғы « \_\_ » \_\_\_\_\_

## **Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер**

1. 1 және 2-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны жеке тұлғаларға өткізуі бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.
2. 3 және 4-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны жеке тұлғалардан иемденуі бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2012 жылғы 24 тамыз

№ 269

Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлем жүйелеріне кіруін қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін ұйымдастыру, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлем жүйелеріне кіруін қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының төлем жүйелеріне кіруін қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2008 жылғы 28 қарашадағы № 95 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5411 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 6 ақпанда жарияланған № 19 (1442)) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Қоса беріліп отырған Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлем жүйелеріне кіруін қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптары 2-тармағының қолданылуы 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтата тұру кезеңінде осы тармақтың мынадай редакцияда қолданылатыны белгіленсін:

«2. Талаптар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіні қоспағанда төлем жүйесінің барлық пайдаланушыларына қолданылады.».

*\*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылғы 28 қыркүйекте  
№ 7950 тіркелген*

Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін  
жүзеге асыратын ұйымдардың төлем жүйелеріне кіруін қамтамасыз ететін  
ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық  
құралдарға қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлем жүйелеріне кіруін қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының төлем жүйелеріне (бұдан әрі – төлем жүйесі) кіруін қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Талаптар төлем жүйесінің барлық пайдаланушыларына қолданылады.

3. Талаптарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аутентификация – төлем жүйелерінің хабарламаларымен алмасу кезінде «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Орталық) және төлем жүйесін пайдаланушылардың қатысу түпнұсқалылығын растауға, сондай-ақ осындай хабарламалардың түпнұсқалылығын растауға арналған шаралар кешені;

2) кіруді бақылау құралдары – техникалық, бағдарламалық немесе объектілерге кіру туралы ақпаратты тіркеуге мүмкіндік беретін басқа құралдар;

3) негізгі ақпарат – криптографиялық кілттер немесе ақпаратты криптографиялық қайта өзгертуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін басқа ақпарат;

4) рұқсат етілмеген кіру – төлем жүйесінің пайдаланушысы белгілеген тәртіпті бұза отырып ақпараттық және бағдарламалық ресурстарға кіру;

5) рұқсат етілмеген кіруден қорғайтын бағдарламалық-аппараттық кешен – дербес компьютерді бөтен адамдардың пайдалануынан, сондай-ақ тіркелген пайдаланушылардың ақпараттық және бағдарламалық ресурстарға кіру бойынша өкілеттіктерін шектеуге арналған қорғау жүйесі;

6) төлем жүйесі пайдаланушысының ақпараттық жүйесі – төлем жүйесінің пайдаланушысы төлем жүйесінің терминалы арқылы одан әрі төлем жүйесіне жіберуге арналған электрондық құжаттарды қалыптастыру немесе өзгерту үшін пайдаланатын бағдарламалық қамтамасыз ету;

7) төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орны – төлем жүйесінің терминалы орнатылған дербес компьютер (сервер) не оның қосымшасы;

8) төлем жүйесі терминалының қосымшасы – төлем жүйесінің терминалымен қашықтықтан жұмыс істеуге арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету;

9) төлем жүйесі пайдаланушысының қауіпсіздік бөлімшесі – төлем жүйесі пайдаланушысының ақпараттық және бағдарламалық ресурстарының қауіпсіздігі мен олардың қорғалуын қамтамасыз ететін төлем жүйесі пайдаланушысының құрылымдық бөлімшесі;

10) төлем жүйесінің пайдаланушысы – Орталықпен төлем жүйесінде қызмет көрсету туралы шарт жасаған заңды тұлғалар және Орталық;

11) төлем жүйесінің терминалы – төлем жүйесіне кіруді қамтамасыз ететін, төлем жүйесінің пайдаланушыларында орнатылған арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету.

4. Төлем жүйесінде қолданылатын ақпарат өткізудің форматтарын Орталық белгілейді.

## 2. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнын орналастыру

5. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орны кіруі шектеулі үй-жайда (бұдан әрі - Үй-жай) орналастырылады. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орны операторларының функцияларын орындайтын қызметкерлердің жұмыс орындарын қоспағанда, Үй-жайда төлем жүйесімен жұмыс істеуге арналмаған өзге жұмыс орындарын орналастыруға рұқсат етілмейді.

6. Үй-жай механикалық құлыптар іліп қоятын кіретін металл есіктерімен жабдықталады.

7. Үй-жайдың есіктері нақты уақыт және Үй-жайға кіру оқиғаларын электрондық журналға жазу режимінде Үй-жайға кіру оқиғалары туралы есеп алуға мүмкіндік беретін Үй-жайға кіру оқиғаларының мониторингін жүргізуге арналған кіруді бақылау құралдарымен жабдықталады. Төлем жүйесін пайдаланушы электрондық журналдағы оқиғалар мұрағатын кемінде алты ай сақтайды.

8. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орны ақпаратты электромагнитті арналармен жария болудан қорғайтын құралдармен немесе сандық интерфейспен қосылған сұйық кристалды монитормен қамтамасыз етіледі.

9. Үй-жай үйдің бірінші және соңғы қабаттарында орналасқан, сондай-ақ терезелердің жанында балкондар, өрт кезінде пайдаланылатын сатылар, өзге де құрылыстардың шатырлары жақын тұрған жағдайда, Үй-жайдың терезелері терезенің әйнектерін сындырып, Үй-жайға нақты кіріп кетуді болдырмауға арналған металл торлармен немесе соған ұқсас қорғау құралдарымен жабдықталады.

10. Үй-жайдың есіктері мен терезелері жұмыс істеп тұрған күзет сигнализациясымен жабдықталады.

11. Үй-жайға кіретін жерде, сондай-ай төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнында нақты уақыт режимінде бейнесигналдарды жазып алу мүмкіндігі бар бейнеқадағалау орнатылады. Бейнесигналдарды жазу мұрағаты төлем жүйесі пайдаланушысының ішкі құжаттарында белгіленген төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнының жүйелік блогындағы мөрлердің немесе пломбалардың бүтіндігін бақылау кезеңінен аз болмайтын уақытқа сақталады.

12. Төлем жүйесіне кіруге рұқсат алған пайдаланушының төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнын жасаған немесе төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнын жаңа жерге ауыстырған кезде, төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орны іске қосылған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде төлем жүйесі пайдаланушысы бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін (бұдан әрі – Ұлттық Банк) хабардар етеді.

## 3. Төлем жүйесі пайдаланушысының және Орталықтың өзара іс-әрекет етуі

13. Төлем жүйесі пайдаланушысының және Орталықтың аутентификациясы криптографиялық қорғау құралдары пайдаланыла отырып екіжақты ақпарат алмасу арқылы жүзеге асырылады.

14. Аутентификация барысында қате пайда болғанда, төлем жүйесінде қате туралы хабар шығады және байланыс үзіледі.

15. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнында TCP/IP протоколы бойынша Орталықтың төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін серверлерімен

қосуды қамтамасыз етуге қажетті құралдар болады.

16. Төлем жүйесі пайдаланушысы және деректер өткізу арнасының төлем жүйесімен өзара іс-әрекет жасау үшін пайдалануды қамтамасыз ететін заңды тұлға арасында жасалатын шарт осындай деректер өткізу арнасының жұмысында іркілістер болған кезде жауапкершілік көзделеді.

17. Төлем жүйесі пайдаланушысында төлем жүйесі бар резервтік деректер өткізу арнасы болады. Деректер өткізудің негізгі арнасы төлем жүйесінің негізгі серверіне, ал деректер өткізудің резервтік арнасы төлем жүйесінің резервтік серверіне қосылады.

#### 4. Төлем жүйесінің терминалы

18. Төлем жүйесінің терминалы төлем жүйесінің хабарларын қабылдап, өткізуді жүзеге асырады және төлем жүйесінің пайдаланушысы оны пайдалануға міндетті.

19. Төлем жүйесінің терминалы төлем жүйесінің хабарларын төлем жүйесінде қолданылатын ақпарат өткізу форматтарына сәйкес өңдейді.

20. Төлем жүйесінің терминалы мынадай функцияларды орындайды:

1) төлем жүйесі пайдаланушысы мен Орталықты аутентификациялау;  
2) берілетін және алынатын ақпараттың конфиденциалдылығын және аутентификациялануын қамтамасыз ету;

3) хабарларды төлем жүйесінің пайдаланушысынан Орталыққа және Орталықтан төлем жүйесінің пайдаланушысына қабылдау және беру;

4) алынған төлем жүйесі хабарларының тұтастығын тексеру;

5) төлем жүйесі терминалының тұтастығын тексеру;

6) негізгі ақпаратты қолдану;

7) хабарлардың электрондық цифрлық қолтаңбаларын қалыптастыру және тексеру;

8) хабардың электрондық цифрлық қолтаңбасының төлем жүйесінің пайдаланушысына немесе оны қоюға уәкілетті Орталыққа тиесілі екенін тексеру.

21. Төлем жүйесінің терминалы төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орны операторлары мен басқарушыларының мынадай негізгі оқиғалары мен іс-әрекеттері тіркелетін электрондық журналдарды жүргізуді қамтамасыз етеді:

1) төлем жүйесінің терминалын ашудың және жабудың уақыты мен күні;

2) Орталықпен қосудың және Орталықтан ажыратудың уақыты мен күні;

3) төлем жүйесі операторлары мен басқарушыларының төлем жүйесінің хабарларымен жүргізетін іс-әрекеттерінің басталу уақыты мен аяқталу уақыты, жасалған іс-әрекеттердің сипаты.

22. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орны операторлары мен басқарушыларының төлем жүйесінің терминалына не оның қосымшасына кіруі идентификациялау және аутентификациялау процедураларының табысты орындауынан кейін қамтамасыз етеді.

23. Төлем жүйесінің терминалын іске қосу төлем жүйесі терминалының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін техникалық құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады және төлем жүйесінің терминалына арналған құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес келеді.

24. Төлем жүйесінің терминалы не оның қосымшасы осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген, есепке алынатын түгендеу нөмірі (серверде) және оған орнатылған конфигурация, аппараттық және бағдарламалық құралдар бойынша жан-жақты деректер беретін паспорты бар дербес компьютерде орнатылады.

25. Төлем жүйесінің терминалын немесе оның қосымшасын басқару төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнынан тікелей және төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орны қауіпсіздік офицерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

26. Төлем жүйесі терминалының дұрыс жұмыс істемей, төлем жүйесінің пайдаланушысы

немесе Орталық зиян шегуі мүмкін болатын жағдай анықталғанда, соңғысы бір мезгілде төлем жүйесінің пайдаланушысын хабардар ете отырып, тиісті себептерді көрсетіп, төлем жүйесінің осы терминалына кіруді жабады.

27. «ТҰМАР» криптографиялық ақпарат қорғау пакетін пайдалану төлем жүйесінің пайдаланушысын төлем жүйесіне қосудың міндетті талабы болып табылады, ол мыналарды:

- 1) электрондық сандық қол қоюды қалыптастыру және тексеру тетігін;
- 2) ақпараттың конфиденциалдылығын (деректерді шифрлеуді);
- 3) өткізілетін ақпараттың тұтастығын (деректерді имитациялық қорғауды);
- 4) сақталатын ақпараттың және бағдарламалық қамтамасыз етудің тұтастығын (деректерді хэштеуді) қамтамасыз етеді.

## 5. Негізгі ақпарат

28. Негізгі ақпарат сыртқы тасымалдағышта болады. Негізгі ақпаратқа рұқсат төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнының операторларына ғана беріледі.

29. Негізгі ақпарат төлем жүйесінің терминалына тек қана сыртқы тасымалдағыштан жүктеледі. Негізгі ақпараттың рұқсат етілмеген көшірмелерінің, оның ішінде төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнындағы қатты дискіде болуына рұқсат етілмейді.

30. Негізгі ақпараты бар сыртқы тасымалдағыштарды сақтау және пайдалану тәртібі бойынша оларға рұқсат етілмеген кіру мүмкіндігі болмайды.

31. Негізгі ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалар төлем жүйесімен жұмыс нәтижесінде алынған ақпараттың сақталуына және жария болмауын қамтамасыз етеді.

32. Негізгі ақпаратты жоспарлы түрде ауыстыру кем дегенде жылына бір рет жүзеге асырылады.

33. Негізгі ақпараты бар сыртқы тасымалдағыштарды негізгі ақпараты бар сыртқы тасымалдағыштарды сақтауға жауапты қызметкерлердің Үй-жайында сақтауға арналған жабу құрылғыларымен жабдықталған сейфтер қойылады. Негізгі ақпарат пайдаланылмаған кезде негізгі ақпараты бар сыртқы тасымалдағыштар сейфтерде болады.

34. Негізгі ақпаратқа рұқсаты болған қызметкерлер босатылған немесе негізгі ақпаратқа рұқсат етілмеген кіруге тырысу анықталған жағдайларда негізгі ақпаратты жоспардан тыс ауыстыру жүзеге асырылады. Жаңа негізгі ақпарат негізгі ақпаратқа рұқсаты болған қызметкер босатылған күннен кешіктірілмей не негізгі ақпаратқа рұқсат етілмеген кіруге тырысу анықталған күннен кешіктірілмей қолданысқа енгізіледі.

35. Негізгі ақпараты бар сыртқы тасымалдағыштарды сақтау және күту жөніндегі рәсімдер дайындаушының ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылады.

36. Төлем жүйесінің пайдаланушысы ескірген негізгі ақпаратты осы негізгі ақпарат пайдаланыла отырып қол қойылған немесе шифрленген электрондық құжаттардың сақталу мерзімі ішінде сақтайды.

37. Төлем жүйесінің пайдаланушысына:

- 1) негізгі ақпараттың рұқсат етілмеген көшірмелерін алуға;
- 2) негізгі ақпараты бар сыртқы тасымалдағыштардың мазмұнымен рұқсаты жоқ адамдарды таныстыруға немесе оларды беруге;
- 3) негізгі ақпаратты дисплейге немесе принтерге шығаруға;
- 4) негізгі ақпараты бар сыртқы тасымалдағышты оның өндірушісі белгілеген жұмыс істеу талаптарында көзделмеген режимдерде пайдалануға;
- 5) негізгі ақпараты бар сыртқы тасымалдағышқа бөтен ақпарат жазуға;
- 6) бөтен негізгі ақпаратты пайдалануға рұқсат етілмейді.



## 6. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына қойылатын талаптар

38. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнында рұқсат етілмеген кіруден қорғайтын бағдарламалық-аппараттық кешен орнатылады, оған пайдаланушыны танитын құралдар, төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына кіруіне және пайдаланушылардың іс-әрекеттеріне байланысты оқиғаларды бақылау мақсатында төлем жүйесінің электрондық құжаттарын сақтау мерзімі ішінде электрондық журналдар жүргізу мүмкіндігі кіреді.

39. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына зиян келтіретін бағдарламалардың және/немесе программалық кодтың табатын құралдары орнатылады. Жұқтыруды айғақтың анықталуы жағдайында бұл ақпарат төлем жүйесі пайдаланушысының қауіпсіздігі бөлімшесіне дереу хабарланады.

40. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына Талаптарда көзделмеген және төлем жүйесі шеңберіндегі электрондық құжаттарды дайындау, өңдеу, өткізу немесе жүргізу жөніндегі міндеттерді шешуге арналмаған аппараттық және бағдарламалық құралдарды орнатуға рұқсат етілмейді.

41. Төлем жүйесі пайдаланушысының ақпараттық жүйелеріне кіретін жердегі пайдаланушы сол бойынша сәйкестендірілетін пайдаланушының жүйелік бір атына бір ғана нақты тұлға сәйкес келеді.

42. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнының жүйелік блогы стикерде немесе пломбада соңғы мөрленген немесе пломбаланған күн және дербес компьютер есепке алынатын түгендеу нөмірі көрсетіліп, мөрленеді немесе пломбаланады.

43. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына рұқсатты қамтамасыз ететін техникалық құралдарды, парольдерді немесе өзге де ақпаратты сақтау және пайдалану тәртібі бойынша оларды рұқсат етілмеген пайдалану мүмкіндігіне жол берілмейді.

44. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнын рұқсат етілмеген пайдаланудан қорғау құралдарын орнату және ретке келтірулерін өзгерту құқығы тек қана төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орны қауіпсіздік офицерінің функцияларын орындайтын қызметкерлерге беріледі.

45. Төлем жүйесіне ақпарат өткізуге, төлем жүйесінен ақпарат алуға, ақпаратты сақтауға, мұрағаттауға не басқадай өңдеуге ақпарат жинақтау үшін бөлінген ресурстарға (дискілік кеңістік, директорийлер, желілік ресурстар, деректер базалары) кіру тәртібі бойынша осы ресурстармен жұмыс істеуге рұқсат етілмеген адамдардың оларға кіру мүмкіндігіне жол берілмейді.

46. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына желі және деректер өткізудің өзге де техникалық арналарының көмегімен кіру тәртібі рұқсат етілмеген кіру мүмкіндігіне жол бермейді.

47. Төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орны электр желісінде ток болмаған кезде жүйедегі жұмысты дұрыс аяқтауға қажетті уақыт, бірақ кемінде 30 (отыз) минут ішінде дербес компьютердің жұмыс істеуіне мүмкіндік жасайтын үздіксіз электр қуатын беретін техникалық құралдармен жабдықталады.

48. Төлем жүйесі пайдаланушысы мен Орталықтың арасындағы байланысты жүзеге асыратын бағдарламалық қамтамасыз етуге, төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына рұқсат етілмеген кіруден қорғайтын бағдарламалық-аппараттық кешенге, сондай-ақ төлем жүйесі пайдаланушысының ақпараттық жүйесінде дайындалған электрондық құжаттарды төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнының өткізу технологиясына өзгерістер енгізілген жағдайда, төлем жүйесінің пайдаланушысы іске қосылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл жөнінде Ұлттық Банкке хабардар етеді.

## 7. Қызмет көрсететін қызметкерлердің жұмыстарын ұйымдастыру

49. Төлем жүйесімен жұмыс істеуге рұқсат етілген тұлғалар мынадай санаттарға бөлінеді:

1) төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнын басқарушы – төлем жүйесінің терминалын басқаруды тікелей жүзеге асыратын тұлға;

2) төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнының операторы - өзінің ашық және құпия кілттерін пайдалануымен төлем жүйесінің хабарларын дайындауды, өткізуді және қабылдауды, сондай-ақ төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орны қауіпсіздік офицерінің қатысуымен Орталықта кілттерді жасауды және тіркеуді тікелей жүзеге асыратын тұлға;

3) төлем жүйесінің пайдаланушысы жұмыс орнының қауіпсіздік офицері – төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнында ақпаратты рұқсат етілмеген кіруден қорғайтын бағдарламалық-аппараттық кешенді, ақпаратты электромагнитті арналар бойынша жария болудан қорғайтын құралдарды орнатуды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, сондай-ақ олардың жұмыс қабілеттілігін және қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын тұлға.

50. Қызмет көрсететін қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыру кезінде төлем жүйесінің терминалы не оның қосымшасы арқылы МТ 100 және (немесе) МТ 102 форматында төлем хабарларын жасау мүмкіндігі болған жағдайда бір тұлғаның санаттарды немесе Талаптардың 49-тармағында көрсетілген әр түрлі санаттардың жекелеген функцияларын қоса атқаруына жол берілмейді.

51. Төлем жүйесінің пайдаланушысы мынадай ішкі тіркеу журналдарын жүргізуді жүзеге асырады:

1) төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына тиісінше жұмыс істемеу себептерін жою қажет болған жағдайларда және төлем жүйесі пайдаланушысының ішкі құжаттарында көзделген басқа да жағдайларда (бұдан әрі – ерекше жағдайлар) төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына жіберілген және келу мақсатын көрсете отырып, төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына жіберілмеген адамдардың Үй-жайға келуін тіркеу журналы;

2) негізгі ақпаратты пайдалану журналы.

52. Талаптардың 51-тармағында көрсетілген тіркеу журналдары еркін нысанда жүргізіледі, нөмірленеді, жіппен байланады және төлем жүйесі пайдаланушысының мөрімен куәландырылады. Тіркеу журналдарындағы жазбалар дұрысталуы тиіс және төлем жүйесі пайдаланушысының жауапты тұлғасының қолымен бекітіледі.

53. Төлем жүйесінің пайдаланушысы Талаптардың 51-тармағында көрсетілген тіркеу журналдарын соңғы жазба жасалған күннен бастап кемінде бір жыл сақтайды.

54. Төлем жүйесі пайдаланушысының ішкі құжаттарымен мыналар айқындалады:

1) кешкі уақыттағы, демалыс және мереке күндеріндегі, сондай-ақ төлем жүйесінің операциялық күні ұзартылған жағдайдағы жұмыс уақыты және үзілістер, жұмыс тәртібі көрсетіле отырып, төлем жүйесімен жұмыс істеудің режимі;

2) атқаратын қызметтері және орындайтын функциялары көрсетілген, төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына рұқсат берілген қызметкерлердің тізімі;

3) негізгі ақпараты бар сыртқы тасымалдағыштарға рұқсаты бар, атқаратын қызметтері көрсетілген қызметкерлердің тізімі;

4) атқаратын қызметтері көрсетіле отырып, төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орны қауіпсіздік офицерлерінің, басқарушыларының және операторларының функцияларын орындайтын қызметкерлердің тізімі;

5) атқаратын қызметтері көрсетілген, төлем жүйесіне өткізілген және төлем жүйесінен алынған электрондық құжаттарды мұрағаттауды және сақтауды жүзеге асыратын қызметкерлердің тізімі;

6) атқаратын қызметтері көрсетілген, төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнының жүйелік блогындағы мөрлерді және пломбаларды пломбалауды және олардың тұтастығын одан

әрі бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлердің тізімі;

7) рұқсат деңгейі және орындайтын функциялары көрсетіле отырып, осы Талаптардың 45-тармағында көрсетілген ресурстарға рұқсаты бар қызметкерлердің тізімі;

8) рұқсат беру мақсаттары көрсетіле отырып, желі және деректерді берудің өзге де техникалық арналары арқылы төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына рұқсаты бар қызметкерлердің және ресурстардың тізімі;

9) кіргізуге жауапты қызметкер белгіленіп ерекше жағдайларда төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына рұқсат етілмеген және төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына рұқсат етілген тұлғалардың Үй-жайға уақытша кіру тәртібі, сондай-ақ Үй-жайдың кіретін есіктері мен терезелері ашылғаны анықталған кездегі іс-әрекеттер көрсетіле отырып, Үй-жайға кіруді бақылаудың тәртібі мен рәсімдері;

10) төлем жүйесіне өткізілген және төлем жүйесінен алынған электрондық құжаттарды сақтаудың талаптары, мерзімдері және орны, сондай-ақ осы мұрағаттарға кірудің тәртібі көрсетіле отырып, оларды мұрағаттаудың және одан әрі сақтаудың тәртібі;

11) мөр мен пломба тұтастығының бұзылғаны анықталған кездегі бақылаудың және іс-әрекеттердің кезеңділігі көрсетіле отырып, төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнының жүйелік блогындағы мөрлерді және пломбаларды пломбалауды және олардың тұтастығын одан әрі бақылаудың тәртібі;

12) жүргізуге жауапты қызметкерді белгілей отырып, тіркеу журналында төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнының жүйелік блогындағы мөрлерді және пломбаларды пломбалаудың және тұтастығын бақылаудың жүзеге асырылғаны туралы толық ақпаратты тіркеу тәртібі (күні, уақыты, аты-жөні, қолы);

13) төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына жіберілген қызметкерлердің функциялары мен өкілеттіктері;

14) төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына жіберілген қызметкерлерге демалыстар беру, босату және уақытша болмаған кезде оларды ауыстыру тәртібі;

15) жүргізуге жауапты қызметкерді белгілей отырып, тіркеу журналында төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына ерекше жағдайларда жіберілген тұлғалардың және төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына жіберілмеген тұлғалардың Үй-жайға барлық келулері туралы толық ақпаратты тіркеу тәртібі (күні, уақыты, тегі, лауазымы, бару мақсаты, қолы);

16) сақтауға жауапты қызметкерлерді белгілеп, сақтау талаптары мен сақтау орнын көрсете отырып, негізгі ақпараты бар сыртқы тасымалдағыштарды сақтау тәртібі;

17) сақтауға жауапты қызметкерлерді белгілеп, сақтау талаптарын, мерзімдерін және сақтау орнын көрсете отырып, ескірген негізгі ақпаратты сақтау тәртібі;

18) жүргізуге жауапты қызметкерді белгілей отырып, тіркеу журналында негізгі ақпаратты пайдалану фактісі және ұзақтығы туралы және негізгі ақпаратты ауыстыру туралы толық ақпаратты тіркеу тәртібі (күні, уақыты, аты-жөні, қолы);

19) сақтау талаптары мен орнын, оларға кіру рәсімдерін және ауыстыру мерзімдерін көрсете отырып, төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына кіруді қамтамасыз ететін техникалық құралдарды, парольдерді немесе басқа ақпаратты сақтау және пайдалану тәртібі;

20) төлем жүйесі пайдаланушысының ақпараттық жүйесінде дайындалған электрондық құжаттарды төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына өткізу тәртібі;

21) төлем жүйелері пайдаланушысының жұмыс орнында орнатылған, рұқсат етілмеген кіруден қорғайтын бағдарламалық-аппараттық кешенмен және бағдарламалық қамтамасыз етудің тұтастығын қамтамасыз ету құралдарымен жұмыс тәртібі;

22) төлем жүйесі терминалымен жұмыс істеудің тәртібі мен рәсімдері;

23) бір арнадан басқасына өту жағдайлары мен рәсімдерін көрсете отырып, деректер өткізудің негізгі және резервтік арналарымен жұмыс істеу тәртібі.

55. Осы Талаптардың 54-тармағының 2) -8) тармақшаларында көзделген қызметкерлердің тізімінде тізімге кіргізілген қызметкерлердің аты-жөні көрсетіледі.

56. Төлем жүйелерінің пайдаланушысы төлем жүйесінде жұмыс істеуге жіберілген қызметкерлерден төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнына кіруді қамтамасыз ететін техникалық құралдарды, парольдерді немесе басқа ақпаратты, сондай-ақ конфиденциалды және негізгі ақпаратты жария етпеу және таратпау туралы арнайы міндеттеме алады.

57. Қауіпсіздікке қатысты ағымдағы және жедел мәселелерді шешу қажет болғанда, төлем жүйесі пайдаланушысының жұмыс орнының операторы мен қауіпсіздік офицері төлем жүйесінің қауіпсіздігі бөлімшесімен өзара іс-әрекет жасайды.

## 8. Қорытынды ережелер

58. Төлем жүйесі пайдаланушысында төлем жүйесі пайдаланушысының резервтік жұмыс орны болған жағдайда, Талаптарда белгіленген шарттар мен талаптар сондай жұмыс орнына да қолданылады.

59. Ұлттық Банк Талаптардың 12 немесе 48-тармақтарында көзделген хабарламаны алған күннен бастап он күндік мерзім ішінде төлем жүйесінің пайдаланушысына тексеру жүргізудің қажеттігі бар/қажеттігі жоқ екендігі туралы шешім қабылдайды.

Төлем жүйесінің пайдаланушысына тексеру жүргізудің қажеттігі туралы шешім қабылдаған кезде Ұлттық Банк көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап екі айдың ішінде Ұлттық Банк туралы Заңында белгіленген тәртіппен тексеруді жүзеге асырады.